# SARYARQA

14 tamyz 2020 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№29 (8193)



AINA — ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ — 2-бет

JANAZYQ — САНА СӘУЛЕСІ, ЖҮРЕК ЖҰЛДЫЗЫ — 3-бет

TANYM — АЛАША ХАН КЕСЕНЕСІНДЕ ҚАЗАҚ ХАНДАРЫНЫҢ БАБАСЫ ЖАТЫР — 4-бет

QOGAM — ЖЕЗҚАЗҒАН СПОРТЫ ЖЕТІКСІЗ ЕМЕС — 5-бет


# АБАЙ – РУХАНИ РЕФОРМАТОР




***10 тамызда ұлтымыздың ұлы ақыны, ойшыл тұлғасы Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толды. Бұдан ширек ғасыр уақыт бұрын Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Абайдың 150 жылдығы ЮНЕСКО деңгейінде өткізілген еді. Бұл торқалы той – сол тамаша дәстүрдің жалғасы.***

Биылғы мерейтойға орай бірқатар іс-шара жоспарланған болатын. Бірақ әлемді жайлаған індетке байланысты соның көпшілігін онлайн форматқа ауыстырдық. Әрине сан сынақтан сүрінбеген халқымыз бұл дертті де жеңеді. Қиындық өтпелі, ал Абай мұрасы мәңгілік.

Менің тапсырмам бойынша Үкімет оныншы тамызды «Абай күні» деп белгілеп, мерекелер тізбесіне енгізді (бірақ жұмыс күні болып қала береді). Ұлы ақынның мұрасын ұлықтауға арналған іс-шаралар жыл сайын өткізіліп тұратын болады. Мәселе мерейтойда емес – тұғырлы тұлғаның туындыларынан терең тәлім алуда. Абайдың рухына тағзым ету – оның қағидатын ұстану, аманатына адал болу. Сонда ғана жас ұрпақтың санасына қастерлі құндылықтарды сіңіреміз.

Біз ұлы ойшылдың өнегелі өмірі мен тағылымы туралы айтудан жалықпаймыз. Әсіресе қазіргі Қазақстан қоғамын Абайдың рухани ұстанымына сай дамыту аса маңызды. Мен бұл жөнінде «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаламда кеңінен айттым.

Биылғы жыл халықаралық «Абай жылына» айналды. Әлемнің көптеген елдері оның шығармашылығына назар аударуда. Қазақстанның бастамасымен және ЮНЕСКО-ның қолдауымен ұлы ақынымыздың 175 жылдық мерейтойы жаһандық деңгейде аталып өтуде.

Ақынның баға жетпес мұрасын ұғындыру және дәріптеу – азаматтық парызымыз. Өйткені Абай – әлемдік деңгейдегі кемеңгер тұлға. Абайтанудың тұғырнамалық негізі де осы болуға тиіс.

Қазір ақынның еңбектерін халықаралық ғылыми айналымға енгізу үшін нақты және мақсатты жұмыстар қолға алынуда. Оның шығармалары әлемнің он тіліне аударылып, баспаға әзірленді. Бұл кітаптар жүзден астам елдің кітапханалары мен мәдени орталықтарына жіберіледі. Бірқатар шетелдік аудармашыларға, Абайдың шығармашылық мұрасын зерттеушілер мен насихаттаушыларға менің Жарлығыммен мемлекеттік награда берілді.

Абай рухын ұлықтау шаралары жалғасуда. Шетелдегі елшіліктеріміздің жанынан Абай орталықтары ашыла бастады. Ақынның шығармашылығын жүйелі зерттеу үшін Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанынан Абай академиясы құрылды.

Біз бәсекеге қабілетті мемлекет болу үшін Абай мұрасын естен шығармауымыз керек. Себебі ұлт ретіндегі жаңару идеясы да оның көзқарасымен үндесіп жатқаны анық.

►►3-бетте

## СЕНАТ ДЕПУТАТЫНЫҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

# ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕР – СЕНАТОР НАЗАРЫНДА

***Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының депутаты Ләззат Сүлеймен жұмыс сапарымен Жезқазған қаласына келіп, тұрғындар жайымен танысты. Алдымен Жезқазған тарихи-археологиялық музейіне атбасын бұрған ол мысты шаһардағы көп балалы аналармен сұхбаттасып, оларды толғандырған түйткілді мәселелерді тыңдады.***

– Ауру тым дендеп кірген кезеңде ел-іші аласапыран күйге түсіп, халық қарапайым «аспирин» мен «парацетамол» таппай қалды. Осындай сергелдең Жезқазған қаласында да болғанын естідім. Аты жаман індет кім-кімге де жеңіл тимегені белгілі. Соның салдарынан көп адам жақын жандарынан айрылып, қаралы күйге түсті. Осы тұста билік басындағылардан көп кінә кеткенін жасыра алмаймыз. Бұл мәселе тұрғысында Президентіміз де хабардар болып отыр. Сол себепті кінәлілерді анықтап, шара қолдануға тапсырма берді. Бүгінгі таңда республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті қызу түрде іске кірісіп, бөлінген қаржы туралы жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргізуде, – деген Ләззат Жаңылысқызы әңгіме барысында қазақ тілінің мәртебесі, адамгершілік, отансүйгіштік қасиеттер туралы да сөз қозғады.

Баспана кезегі туралы өтініштерін білдірген аналарға сенатор ханым қала құрылысы туралы толығырақ мәліметтер беріп, осы мәселеге қатысты мемлекеттік бағдарламаларды түсіндіріп өтті. Жиын барысында Жезқазған қаласына экологиялық апат аймағы мәртебесін беру туралы ұсыныстар да көтерілді.

Одан әрі Алашахан даңғылы бойындағы «Здоровье», «Балсая» және Мир көшесіндегі «Қызылмай» дәріханаларына соғып, дәрі-дәрмек қоры мен баға тұрақтылығын тексерді. Қазіргі таңда дәріханалардың барлығына індеттің екінші толқынында тапшылық тудырған антибиотиктер толық жеткізілген. Дәрі қоймасын аралатқан «Здоровье» дәріханасының басшысы Любовь Кулдошина алдағы уақытта да тұрғындар жаппай ауыратын жағдай бола қалса, дәрігерлер жазған рецептіге сәйкес сатылатын дәрі-дәрмектер қоры толық бір айға жететінін айтты. Ал «Балсая» дәріханасының басшысы Сәуле Әбдіғаппарова дәріханаға көбіне қазақстандық лизенциясы жоқ дәрілердің түсіп жатқанына байланысты алаңдаушылығын білдірді. Олардың қатарында тұрғындар көп сұрататын вирусқа қарсы «Амизон» препараты да бар. Дәріханаларды аралау барысында медициналық маскалардың бағасы 150 теңгеден 80, 85 теңгеге арзандағанын байқадық.



Сенатор сапары одан әрі «Медициналық орталық» ЖШС ауруханасында да жалғасты. Депутатты күтіп алған Қарағанды облыстық денсаулық сақтау басқармасы Жезқазған аймақтық өкілдігінің басшысы Ләззат Ранова өңірдегі жаңалықтармен бөлісті. Пневмонияға шалдыққандар саны күрт көбейген уақытта жедел жәрдем жұмысы да артты.

►►2-бетте

## ҚАЛАЛЫҚ ӘКІМДІКТЕ

# ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ

***Ел экономикасының локомотиві саналатын құрылыс саласының қызметкерлерін Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Бегімов қабылдап, кәсіби мереке Құрылысшылар күнімен құттықтады.***



– Құрылысшылардың еңбегінсіз бүгінгі жарқын күнімізді елестету мүмкін емес. Себебі, олардың қолтаңбасы қалмаған жер кемде кем. Мына біз отырған ғимарат, тұрғын-үй мен білім, мәдениет ошақтары, денсаулық сақтау мекемелері бәрі-бәрі – құрыш қолды құрылысшылар еңбегінің жемісі. Жыл өткен сайын біздің де қаламызда тұрғындардың өмір сүру сапасы арттыру мақсатында әлеуметтік маңызы бар нысандар көптеп бой көтеріп жатыр. Бұл сөзімізге бюджеттен құрылысқа бөлініп жатқан қомақты қаржы дәлел. Мысалы, 2018 жылдан бері осы салаға қарастырылған қаржы 6 есеге өскен. Биылдың өзінде Жезқазғанда 4 тұрғын үйдің және дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталды. 900 орындық жаңа мектеп пайдалануға беріледі. Ауыз су, жылу құбырлары да толықтай жаңартылып жатыр, – деген қала басшысы қала көркіне көрік қосқан құрылысшыларға табыс тілей отырып, марапаттау салтанатын бастап кетті.

Алғашқы марапаттың иесі – Евгений Джалтырь. Ғұмырының 48 жылын құрылыс алаңында өткізген оның кеудесіне «Құрметті құрылысшы» төсбелгісі тағылды. Қазір жаңа мектептің құрылысын аяқтап жатқан «Аспап» ӨК еңбек етіп жүрген құрылысшы Жезқазған мыс зауытындағы күкірт қышқылы өндірісінің №2 желісін, №№1,2,3 байыту фабрикасының құрылысына қатысқан. Жәйрем кенті тұрғындарының таза ауыз су ішуіне үлес қосқан ол Теміртау, Қаражал қаласында да талай нысандарды тұрғызған. Күш-қуатым барда елімнің, туған жерімнің дамуына үлес қосуды парызы санайтын Евгений Джалтырь өзін баулыған ардагер құрылысшылар Леонид Ракутинді, Федор Пас пен Дмитрий Популидиді еске алды.

Жемісті еңбегі үшін ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Б.Атамқұловтың Құрмет грамотасымен Гомар Сергазин, Жұрсінәлі Тайгараев, ал министр Алғыс хатымен Ержан Тынымбайұлы еленді. Облыс әкімінің Алғыс хаты Сая Камалова мен Серік Салиховке табысталса, қала әкімінің Алғыс хатын Ербол Жамалбеков иеленді.

**Бота ШАЛҚАР**

## ТАҒАЙЫНДАУ

# ТЕАТРҒА ЖАҢА БАСШЫ КЕЛДІ

***Мысты шаһар төріндегі өнердің қарашаңырағы саналатын С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған музыкалық-драма театрына жаңа басшы тағайындалды. Бұдан былай өнер ұжымына Досхан Сәкен жетекшілік етеді.***

– Серке театры – тек Қарағанды облысына ғана емес, бүкіл елімізге белгілі, абыройлы театрларлың бірі. Бұл ұжым талай республикалық өнер додаларында бас жүлделерді сан мәрте қанжығасына байлады. Театр әртістерінің де жеткен жетістіктері аз емес. Көптеген мемлекеттік марапаттардың иесі атанған әріптестеріңіз жаңа басшыға жол сілтеп, демеу боларына сенемін. Алты айлық сынақ мерзімі ішінде бүгінге дейін жинаған барлық іс-тәжірибеңізді ортаға салып, елдің ыстық ықыласына бөленесіз деп ойлаймын. Алдағы ісіңізге сәттілік тілеймін! – деді басшыны ұжымға таныстыру рәсімінде ізгі лебіз-тілегін білдірген Қарағанды облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Нелдібаев.

Шара барысында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Досжан Жанботаев жаңа басшыны ұжым қызметкерлерімен таныстырып, батасын берді.

1988 жылы туған Досхан Сәкенұлы 2004-2007 жылдары Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық академиясы колледжін театр актері мамандығы бойынша тәмамдаған. 2013-2016 жылдар аралығында Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінде құқықтану мамандығы бойынша білім алған.

2008-2009 жылдары Алматы қаласы әкімдігінің аппаратының жастар саясатын дамыту мемлекеттік қоры жанынан құрылған «JAS-ART» орталығының жетекшісі, Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясындағы «Шығармашылық лабораторияның» продюсері болып жұмыс істеді.

2011 жылдың тамызы мен 2013 жылдың наурызы аралығында «Қазығұртфильм» ЖШС-де арт-директор қызметін атқарды. 2013 жылдың мамырынан 2016 жылдың тамызына дейін «Алашұлы» этно-тобының PR директоры болды. 2016 жылдың қыркүйегі мен 2018 жылдың қарашасына дейін «CINEMA COMPANY-28» ЖШС-нің директоры болып тағайындалды.

2019 жылдан бастар М.Әуезов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық драма театрында маркетинг және қоғаммен байланыс бөлімінің басшысы, театр директорының ұйымдастыру мәселелері бойынша орынбасары, республикалық «Қазақстан зияткерлік меншік құқықтарын басқару қоғамы» қоғамдық бірлестігінің атқарушы директоры болып еңбек еткен.



**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# «ПРАЙМЕРИЗ – МҮМКІНДІК АЛАҢЫ»

***АҚШ-тан бастап көптеген алдыңғы қатарлы дамыған елдердің сайлау жүйесінде жиі айтылатын «праймериз» ұғымы еліміздің бас партиясы жұмысында соңғы кездері жиі қолданылып жүр. Ағылшын тілінен аударғанда «бастапқы», «бастауыш» немесе «алдын ала» деген мағына беретін бұл праймеризің жай-жапсары және партияның бұл тәсілге жүгінудегі негізгі мақсаты туралы білмек мақсатта «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Сәкен СМАҒҰЛОВПЕН сұхбат құрдық***

***– Сәкен Жақияұлы, әңгімені праймериз деген не, ол қалай жүзеге асады деген сұрақпен бастасақ.***

– Расында, құлаққа онша жаттанды емес бұл сөзді көп адам түсінбеуі де мүмкін. Праймеризді партия ішіндегі іріктеу, партияішілік сайлау ретінде қабылдасақ болады. Яғни, Қазақстан Республикасы Парламентінің мәжілісіне және барлық деңгейдегі мәслихаттарға депутаттыққа, партияның, филиалдарының органдарына кандидаттарды ұсынуға және мемлекеттік лауазымдарға ұсыным жасауға арналған партиялық тізімдерге лайықты тұлғаларды енгізу үшін алдын ала іріктеу. Наурыз айында Елбасының баспасөз хатшысы Айдос Үкібай өзінің Twitter-дегі парақшасында партияның Саяси кеңесі Бюросының шешімімен биылғы праймериз бұрынғылардан өзгеше сипатта өтетінін хабарлады. Праймериздің негізгі мақсаты – партия белсенділерін анықтау, жаңа идеялы, қоғамға пайдалы азаматтарды іріктеу. Миллионнан асатын мүшесі бар партия құрамында көптің көзіне түспей жүрген қаншама дарынды, білімді де білікті жаңашыл жастар болуы мүмкін. Міне, біздің негізгі мақсатымыз – олардың тасада қалып қоймай, ел дамуына қызмет етуіне мүмкіндік туғызу.

Сонымен праймеризге қатысам деушілерді тіркеу 17-29 тамыз аралығында ұйымдастырылады. Одан әрі 6 қыркүйек пен 3 қазан аралығында үміткерлердің үгіт-насихат жұмыстары жүреді. Ал, праймериз сайлауы 1-3 қазан аралығында өтеді. «Мықты көшбасшылар – мықты партия» қағидаты бойынша шын мықты, бастамашыл, ерік-жігері мол, елі мен жеріне расымен жаны ашитын азаматтар үшін «Әлеуметтік лифт» құру негізгі міндеті саналатын праймеризді абыроймен алып шығатынымызға сенемін.

***– Праймеризге кімдер қатыса алады? Оларға қойылатын негізгі талаптар қандай?***

– Биылғы праймеризідің бірнеше ерекшелігі бар. Праймеризге қатысуға 20 жастан асқан кез келген партия мүшесі немесе партияға мүше емес ел азаматтары өтінім бере алады. Партия билеті жоқ тұрғындар праймериз сайлауы басталғанша «Nur Otan» партиясының құрамына мүшелікке өтуге тиіс. Үміткерлерден төлқұжат көшірмесіне қоса психологиялық және наркологиялық, сондай-ақ, сотталмағаны туралы анықтама сұралады. Бұл жерде азаматтардың жұмыс өтілі аса маңызды емес. Үміткерлер өздерін праймеризідің үш сатысы бойынша ұсына алады. Оның біріншісі – қалалық, аудандық, екіншісі – облыстық мәслихаттардың депутаттығы, ал соңғысы – орталық, яғни Мәжіліс депутаттары сайлауы.

Кандидаттарды ұсыну бастауыш партия ұйымының атынан немесе өзін-өзі ұсыну жолымен жүзеге асады. Кандидаттар бір облыс, қала, аудан шегінде праймериз өткізудің бекітілген ережесінде көрсетілген талаптарға сәйкес ұсыныла алады. Праймериз барысында үміткерлердің баяндамасы зор маңызға ие. Праймеризге сай «Nur Otan» партиясының бас штабы негізгі бірнеше бөлімнен тұратын бағдарлама әзірледі. Міне, үміткерлер әзірлейтін баяндама осы бағдарлама негізінде дайындалуы керек.

►►5-бетте

## SARYARQA-АҚПАРАТ

### СЕНАТ ДЕПУТАТТАРЫ САЙЛАНДЫ

***Сәрсенбі күні ҚР Парламенті Сенаты депутаттарының сайлауы өтті. Осылайша республиканың 17 өңірінен Сенатқа бір-бір депутаттан сайланды.***

Аумақтық сайлау комиссиялары ұсынған мәліметтерге сәйкес, сайлау бюллетеньдеріне 46 кандидат енгізілді. Атап айтқанда, Шығыс Қазақстан облысынан – 4 кандидаттан, ал 10 өңірден 3 кандидаттан: Ақмола, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда және Павлодар облыстары, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары. Қалған өңірлерден – 2 кандидаттан тіркелді.

Қарағанды облысынан ҚР Парламент Сенатының депутаты болып Сергей Ершов қайта сайланды. Ол 83,15 пайыз дауыс жинады.

Орталық сайлау комиссиясы және аумақтық сайлау учаскелері тарапынан толыққанды жұмыс жүргізілді. Коронавирус індетіне байланысты сенаторларды сайлаушы мәслихат депутаттарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барлық жағдай жасалды.

### 2,3 млн ҚАЗАҚСТАНДЫҚҚА 42 500 теңге БІРЖОЛҒЫ ТӨЛЕМ БЕРІЛДІ

***2,3 млн-нан астам қазақстандық карантин кезінде табысын жоғалтқаны үшін біржолғы төлем алды.***

«12 тамыз сағат 09.00-дегі жағдай бойынша, шілде айында шектеу шараларын енгізуге байланысты табысынан айырылған жағдайда Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан біржолғы төлем тағайындауға азаматтардан 2 млн 531 мың бірегей өтініш қабылданды. Төлем мөлшері ең төменгі жалақыға – 42 500 теңгеге тең. Төлемді 2 млн 308,3 мың қазақстандық алды, оның ішінде 2 млн 290,8 мың адам тамыз айында карантиннің ұзартылуына байланысты 0,5 ЕТЖ – 21 250 мың теңге мөлшерінде қосымша ақы алды», делінген Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі таратқан хабарламада.

2 млн 531 мың өтінімнің ішінде:

– 834,9 мың адам проактивті форматта төлем тағайындауға келісім берген;

– 651 мың адам Egov.kz порталы және Telegram бот арқылы;

– 390,4 мың адам 42500.enbek.kz порталы арқылы;

– 654,7 мың адам екінші деңгейдегі банктердің мобильдік қосымшалары мен интернет-ресурстары арқылы;

- 0,2 мың адам штабтар арқылы өтініш берген.

Азаматтардың санаттары бөлінісінде:

– 834,9 мың өтініш бірыңғай жиынтық төлем төлеушілерден келген (проактивті форматта);

– 239,1 мың өтінішті жалдамалы қызметкерлері үшін жұмыс берушілер берген;

– 1 млн 457,2 мың өтініш азаматтардың басқа санаттарынан келіп түсті (жеке кәсіпкерлер, жеке практикамен айналысатын адамдар, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша табыс алатын жеке тұлғалар).

Төлем 2 млн 315,7 мың адамға тағайындалды. Ақшалай қаражат 2 млн 308,3 мың қазақстандыққа аударылды.

### ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ КӘСІБИ ЭТИКАСЫ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫМДАР БЕКІТІЛДІ

***ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі халықты әлеуметтік қорғау саласындағы әлеуметтік қызметкерлер үшін лауазымдық міндеттерін орындау кезіндегі мінез-құлықтың кәсіби этикасы бойынша әдістемелік ұсынымдарды бекітті.***

***Бұл – Қазақстан тарихындағы әлеуметтік сала мамандарының жұмысын реттейтін алғашқы құжат.***

«Әдістемелік ұсынымдар қоғам тарапынан әлеуметтік қызметкерлерге деген сенімді нығайтуға және олардың мәртебесін арттыруға, әлеуметтік қызметкерлер мен арнайы әлеуметтік қызметтерді алушылар арасындағы қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, сондай-ақ әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған», делінген ведомствоның баспасөз қызметі таратқан хабарламада.

Құжатқа сәйкес, Әлеуметтік әділеттілік, адалдық, гуманизм, құзыреттілік, үздіксіз кәсіби даму және т. б. әлеуметтік қызметкердің негізгі этикалық қағидалары болып табылады. Сондай-ақ, әлеуметтік қызметкерлерге қызмет алушылармен, әріптестермен және қоғамда өзін қалай ұстау керектігі туралы ұсыныстар беріледі.

«Әлеуметтік қызмет көрсету, халықпен тікелей жұмыс істеу – бұл әдістемелік білім мен дағдыларды талап ететін еңбек. Адамдар қиын өмірлік жағдайда оларға жүгінеді, бұл моральдық тұрақтылық пен арнайы кәсіби этиканы қажет етеді. Әлеуметтік қызметкерлердің мінез-құлқы қоғамның сенімін нығайтуы керек. Сапасыз қызмет көрсету мен жанжалды жағдайлардың алдын алу үшін кәсіби этика маман даярлаудың ажырамас бөлігі болуы керек. Сондықтан министрлік UNICEF-пен бірлесіп әлеуметтік қызметкерлердің этикалық мінез-құлқының әдістемелік ұсынымдарын әзірледі және қабылдады», – деп атап өтті ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Ерлан Әукенов.

Бүгінгі күні Қазақстанның әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінде 30 мыңнан астам адам еңбек етеді, олардың 11 мыңы – әлеуметтік қызметкер.

### 600-ден АСТАМ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМ ЖОСПАРЛЫ ЕМДЕУГЕ ЖАТҚЫЗУДЫ ҚАЙТА БАСТАДЫ

***Елімізде 600-ден астам медициналық ұйым жоспарлы емдеуге жатқызуды қайта бастады.***

«1 тамыздан бастап Қазақстанда жоспарлы медициналық көмек көрсету қайта жанданды . Бірінші кезекте, ауруханаға жатқызуды республикалық деңгейдегі мамандандырылған клиникалар, облыстық, қалалық және аудандық деңгейдегі көп бейінді ауруханалар COVID-19-мен күрес жөніндегі іс-шараларға қатыспайтын қалған стационарларды кезең-кезеңімен қоса отырып жүргізе бастады», делінген «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының» баспасөз қызметі таратқан хабарламада.

10 тамызда жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша елімізде медициналық сақтандыру қорының 626 медициналық ұйымы жоспарлы медициналық көмек, оның ішінде терапевтік, кардиологиялық, гастроэнтерологиялық, аллергологиялық, хирургиялық, неврологиялық, пульмонологиялық, реанимациялық, акушерлік – гинекологиялық, нейрохирургиялық, травматологиялық бейіндер, торакалдық хирургия, қалпына келтіру емі және медициналық оңалту қызметтерін көрсетеді. Ең көп медициналық ұйымдар Алматы (67), Шығыс Қазақстан (54), Алматы (50) облыстарында жұмысын қайта бастады.

Айта кету керек, 626 медициналық ұйымның ішінде жеке клиника айтарлықтай жеткілікті. Жоспарлы медициналық көмек қызметін жеткізушілердің толық тізімімен қордың сайтында танысуға болады. Тізім үнемі жаңартылып отырады. «Коронавирусқа қарсы іс-шараларға қатыспайтын медициналық ұйымдар жұмысын қайта бастауға мүмкіндік алды. Әр аймақ эпидемиологиялық жағдайға байланысты әр түрлі болатын жоспарлы медициналық көмек көрсетуді бастаудың жеке жоспарын жасады. Оны аймақтық штаб бағалайды», – деді қордың баспасөз қызметінің өкілі. Карантин шектеуіне байланысты көптеген медициналық қызметтер тоқтатылды. Енді олар қайта жанданып жоспарлы медициналық көмекті тұтыну айтарлықтай өсуі тиіс. Қажетті санитарлық-эпидемиологиялық шараларды өткізгеннен кейін медициналық ұйымдарға стационарлар ашуға рұқсат беріледі. «Медициналық қызметтерді тұтынудың болжамды өсуін ескере отырып, үшінші тоқсанда ағымдағы жылға жоспарланған көлемдер орындалуы мүмкін. Мысалы, бірінші тоқсанда жоспарлы емдеуге жатқызу өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 80%-ға өсті. Тәулік бойы жұмыс істейтін стационарларда мамандандырылған медициналық көмек 15%-ға, медициналық оңалту 35%-ға ұлғайды. Қор өз тарапынан қаржыландыру жоспарына түзетулер енгізеді», – деді баспасөз қызметіндегілер.

## СЕНАТ ДЕПУТАТЫНЫҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

# ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕР – СЕНАТОР НАЗАРЫНДА

***(Соңы. Басы 1-бетте).***

– Мемлекеттік бюджет тарапынан жалпы Қарағанды облысына 48 жедел жәрдем көлігі бөлінген болатын. Міне, солардың екеуі – Жезқазған қаласына, екеуі – Сәтбаев қаласына жөнелтілмек. Соның нәтижесінде біздің қаламызда жалпы саны – 9, көрші қалада – 6 жедел жәрдем көлігі науқастарға қызмет көрсететін болады. Тұрғындар қаламызда дәрігер мамандардың тапшылығына байланысты түрлі шағымдарын айтып жатады. Бұл олқылықтың орнын жою мақсатында біз жыл сайын медициналық академиялардың бітіруші түлектерімен кездесіп, бос орындар жәрмеңкесіне қатысатынбыз. Биыл карантинге байланысты бұл мүмкін болмады. Бос орындар жәрмеңкесінде көбіне Алматы, Атырау сынды қалалар көп жастарды өздеріне алып кетеді. Оның басты себебі, олар еңбекақы мен арнайы сыйақы мөлшерлемесін көптеп ұсынады. Оған қоса жас мамандар үй мәселесі қиындық тудырмайтын, ойын-сауыққа толы үлкен қалаларда тұрғанды жөн санайды. Біз, әрине, бүгінгідей нарық заманында жастарды кінәлаудан аулақпыз. Аталған жайттар алдағы уақыттарда қала әкімдігінің шешімімен оң шешімін таба беретініне сенім мол, – деді Ләззат Ранова.

Облыс әкімі Жеңіс Қасымбектің тапсырмасымен аймаққа тағы 3 штат бөлінбек. Қажетті штат түрлері таңдалу үстінде.

Сенатор карантин кезінде індет майданында тынбай еңбек еткен дәрігерлердің жағдайы мен оңалту шараларына да қызығушылығын білдірді. Аймақ бойынша коронавирусқа қарсы күрескен дәрігерлер еңбегі ескерусіз қалған емес. Инфекциялық госпитальде жұмыс істеген дәрігерлерге – 850 000 теңге, ал провизорлық госпитальдегі ақ халаттыларға – 420 000 теңгеден сыйақы тағайындалды. Тағы да айта кетер ақжолтай



хабардың бірі – алдағы уақытта «Қазақмыс» корпорациясының қолдауымен жезқазғандық дәрігерлерге – 20, Сәтбаев қаласының мамандарына 12 пәтердің кілті табысталмақ. Сапарын Жезқазған көпбейінді ауруханасы базасынан ашылған инфекциялық стационарда аяқтаған Ләззат Жаңылысқызы індет құрығына іліккен науқастармен бетпе-бет жүздесіп, олардың бүгінгі таңдағы жай-күйіне қанықты.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

## ҚАЛА ШАРУАШЫЛЫҒЫ

# ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ

***Елімізде тамыздың екінші жексенбісінде құрылысшылардың кәсіби мерекесі аталып өтеді. Осы күн қарсаңында қала басшысы Қайрат Бегімов Жезқазғанда жүріп жатқан құрылыс, жөндеу жұмыстарымен танысты.***

Алдымен «Әкім сағатында» түскен шағым негізінде Есенберлин көшесі 23, 25-үйлердің ауласына барып, тұрғындармен кездескен әкім ауладағы абаттандыру, тазалық мәселесіне қатысты шағымдарды тыңдады. Салынып жатқан коммерциялық нысан құрылысы, көпқабатты үйлердің астынан кеңсе ұстап отырған мекемелердің қоқысы да тұрғындарға біраз қолайсыздық туғызып жатқаны белгілі болды.



Соңғы бірнеше жылда қаламызда құрылыс қарқын алды. 2018, 2019 жылдары арендалық, несиелік екі көп қабатты үй пайдалануға берілген еді. Былтыр да Шевченко көшесінен 18, Алашахан даңғылының аяқ жағынан 60 пәтерлі екі үйдің құрылысы басталған. Біреуі «Тұрғын үй құрылысы жинақ банкі» бағдарламасымен, екінші үй арендалық баспана ретінде биыл иелерін табады.

Ал, биыл төрт бірдей көпқабатты үйдің құрылысы басталып отыр. Үшеуі осы Алашахан даңғылының аяқ жағына салынса, біреуі Байқоңыров көшесінде бой көтермек. Бір айта кетерлігі бұл жолы қалалық әкімдік салынатын үйлердің архитектуралық келбетіне ерекше мән берген екен. Алашахан даңғылы 34 «Е» мекенжайы бойынша салынатын 90 пәтерлі үй баспалдақ іспетті 4, 5, 6, 7 қабатты блоктардан тұрады. Лифт қарастырылған. Бұл үйдің құрылысы 2022 жылға дейін жоспарланған, бірақ құрылыс қарқыны мен бюджет мүмкіндігіне қарай аяқталу мерзімі бері қарай жылжуы да мүмкін. Биыл салына бастаған бұл үш үйдің ішінде 30 пәтерлі бір үй жыл соңына дейін арендалық баспана ретінде кезекте тұрғандарға беріледі. Сонда биыл 100-ден аса жаңа пәтер иесін табады.



Қайрат Баяндыұлы сонымен бірге «Жұмыспен қамту жол картасы» аясында күрделі жөндеуден өтіп жатқан «Балдырған» балабақшасы мен айналасына шарбақ орнатылып, терезелері ауыстырылып жатқан №4 орта мектепте болып, мердігердің жұмысымен танысты. Карантин режиміне байланысты кезекші топтар мен сыныптарды дер кезінде ұйымдастыру үшін жөндеу жұмысын кешіктірмеуді қатаң тапсырды.

Әкім сонымен бірге жасыл желектерді күтіп ұстауға жауапты мердігерлердің жұмысымен де танысты.

**Өз тілшіміз**

## ҚАЛАЛЫҚ ӘКІМДІКТЕ

# ТҰРҒЫНДАРДЫ ОНЛАЙН ТЫҢДАДЫ

***Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты елімізде жарияланған карантин режимі апта сайын тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдауды дәстүрге айналдырған әкімдер жұмысына да өзгеріс енгізді.***

***Қазір қала және аудан әкімдері әлеуметтік желідегі парақшалары арқылы «Әкім сағатын» өткізіп, халықтың мұң-мұқтажын онлайн тыңдап жүр. Жезқазған қаласы әкімі Қайрат БЕГІМОВТІҢ мұндай кездесуі әр сәрсенбі сайын өтеді.***

Бір сағатқа созылатын сұрақ-жауап форматындағы тікелей эфирге қосылатын қала тұрғындарының белсенділігі жоғары. Олар осы сәтті пайдалана отырып, өздерін толғандырған мәселелердің шешімін тауып жатыр. Мысалы, Абай көшесіндегі 89-үйдің тұрғыны түнгі тыныштықты бұзатындарды тәртіпке шақырудың сұрағаны сол еді, аталған мекенжайға тәртіп сақшыларынан құралған топ рейд жүргізетін болды. Байқоңыров көшесіндегі жөндеу жұмыстарынан кейін абаттандыруға мән бермеген кәсіпорын басшысына да ескерту жасалмақ. Сәтбаев көшесіндегі 9-үйде мамырдан бері ыстық су жоғына шағымданған тұрғынның да өтініші қаралатын болды. Одан бөлек Қайрат Бегімов бес-алты тұрғынның мәселесі бойынша жеке кездесуге баруға бекінді.

Жалпы, тікелей эфир кезінде қала әкіміне жолданған сауалдар әдеттегідей коммуналдық салаға қатысты. Айта-айта жауыр болған жол жөндеу, ауыз су қысымының төмендігі, тұрғын-үй аулаларындағы тазалық, жаяу жүргіншілер жолын салу мәселелерін қаузаған желі қолданушыларының арасында баспаналы болуды мақсат еткен көп балалы аналар да бар. Оннан аса тұрған балалар ойын алаңқайы керек екенін жазса, басқалары саябақтардағы жасыл желектерді суару, дезинфекциялауға ден қоюды сұрады. «Әкім сағаты» барысында жағымды жаңалықтар да айтылды. Бекболатсай елді-мекенінің тұрғындары 2021 жылы газ тартылатынынан хабардар болды. Қарағанды-Жезқазған, Қызылорда-Жезқазған тас жолын жөндеуге жобалық-сметалық құжаттар әзірленіп жатқанын тілге тиек еткен Қайрат Баяндыұлы Қарағанды мен Жезқазғанның арасындағы жол «автобан» болатынын жеткізді. Тұрғындардың ұсынысын ескеріп, сұрақтарын шешуге атсалысатынын білдірген қала басшысына Мир даңғылы мен Асылбеков көшесін жарықтандырылғаны үшін алғыс білдірген жезқазғандықтар да табылды.

**Бота ШАЛҚАР**

## COVID-19

# БІЛІКТІ ДӘРІГЕРЛЕР ТӘЖІРИБЕСІМЕН БӨЛІСПЕК

***Жезқазған қаласы әкімдігінің ғимаратында Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Гамаль Тоқсанбаев бастап келген бір топ дәрігер қаламыздағы көпбейінді ауруханаы дамытуға арналған 2020-2022 жылдардағы стратегиялық жоспармен таныстырып, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің сұрақтарына жауап берді.***




– Ел дәрігерлері алғаш COVID-19 індеті тараған сәттен бастап қызу жұмысқа кірісті. Оладың ішінде төтенше жағдай кезінде өзі мен отбасы мүшелерінің басын бәйгеге тігіп, аурумен күрескен барша қарағандылық дәрігерлерге алғысым шексіз. Баршаңызға мәлім, күз айында аурудың жаңа толқыны пайда болуы мүмкін. Өткенде кеткен олқылықтардың қайтадан орын алмауы үшін барынша жағдай жасалуда. Ай сайын жоспарлы дәрі-дәрмек түсірілімінен бөлек қосымша дәрі қоры және жаңа төсек орын жабдықтары жеткізілуде. Таяу күндері аурухана тағы 6 ӨЖТ аппаратымен толықты. Сондай-ақ, 200 орынға шақталған модульді госпиталь құрылысы басталып кетті, – деді Гамаль Тоқсанбаев өз сөзінде.

Індеттің алдын алу мақсатында Жезқазған қаласы көпбейінді ауруханасының басшысы Орал Мазитовтың ұсынысымен облыс орталығынан дәрігерлер шақырылды. Олардың қатарында профессор Х.Ж.Мақажанов атындағы көпбейінді аурухананың директорынан бастап нейрохирургия, неврология бөлімдерінің меңгерушілері, ситуациялық орталығының басшысы және облыстық клиникалық аурухананың урология, хирургия бөлімдерінің меңгерушілері, Қарағанды қаласы балалар ауруханасының директоры, Қарағанды қаласы перинаталдық орталығы директорының орынбасары, Саран қаласы орталық ауруханасы директорының орынбасары бар. Олар барлық көрген-білгендерін жезқазғандық дәрігерлерге үйрететін болады.

Жиын барысында Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасы Жезқазған аймақтық өкілдігінің басшысы Ләззат Ранова жақын күндері «Қазақмыс» корпорациясының қолдауымен жезқазғандық дәрігерлерге берілетін 20 пәтерден бөлек тағы 28 пәтердің құжаттары дайындалып жатқанын жеткізді. Биыл Жезқазған қаласы жоғарғы медициналық колледжінің бітіруші түлектері жұмыспен қамтылды. Сонымен қатар, 2-3-курс студенттері санитарлық жұмысқа тартылды.

# ТАЛАПТЫ ОРЫНДАУ – МІНДЕТ



***Жезқазған қалалық полиция басқармасы бастығының бірінші орынбасары Аманжол Кәрімов бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен кездесті. Кездесуде сөз болған негізгі мәселе – коронавирус кезіндегі қала тыныс-тіршілігі.***

– Елімізде кеселді індеттің беті қайтқанымен, мүлде жойылып кетпегенін бәріміз де білеміз. Сақтық шараларын қамтамасыз ету үшін аурудан сақтану ережелерін орындамаған ел азаматтарына әкімшілік жаза қарастырылған. Қала бойынша жергілікті басқару мекемесі өкілдері мен құқық қорғау қызметкерлері және тауарлар мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасының мамандарынан құралған мобильді бақылау тобы өз жұмысын жалғастыруда. Олар күнделікті қала көшелері мен саябақтарға, жеке мекемелерге тексеріс жүргізіп отырады. Әкімшілік кодекстің 425, 462, 476-баптарына сәйкес жеке кәсіпкерлер үстінен 44 хаттама толтырылып, айыппұл салынды. Олардың 7-еуі – 22:00-ден кейін қызмет көрсеткен азық-түлік дүкені. Көбіне алдын алу шараларын сақтамау әрекеті осы дүкендерде кездеседі. Оларда антисептик қойылмаған, не тұтынушының қолдануына қолайсыз жерлерде орналасқан. Залалсыздандыруға арналған кілемшелерді де уақытылы ауыстырып, тазалап отырмайды. Сол себепті оларға 600 000 теңгеге дейін айыппұл салынды. Кәсіпкер белгіленген айыппұлды бір апта ішінде төлейтін болса, тек жартысын ғана төлеуге құқылы, – дейді Аманжол Кәрімов.

Тұрғындар арасында жиі кездесетін құқықбұзушылықтардың қатарында үш адамнан артық жиналу, әлеуметтік арақашықтықты сақтамау, 23:00-ден кейін себепсіз көлікпен қала ішінде жүру және маскалық режимді сақтамау жиі қайталанады екен. Күнделікті қала көшелерінде арнайы дауыстық құрылғымен ескерту жұмыстары жүргізіледі. Аманжол Кәрімов тұрғындардың карантинге байланысты басым көпшілігінің табыссыз қалғанын ескере отырып, маска кимеген тұрғындарға әзірге айыппұл салынбағанын айтты. Әзірге ескерту жұмыстарын жүргізіп жүрген жезқазғандық полицилер оқиға қайталанатын болса айыппұл салудан басқа амалымыз қалмайды дейді.

Жиын барысында қозғалған келесі мәселе – кәмелет жасына толмағандар арасындағы құқық бұзушылық. Аталған санатта былтыр 5 оқиға тіркелсе, биыл жыл басынан бері олардың саны 4-ке жетіп үлгеріпті. Карантин жағдайына байланысты ювеналды полиция қызметкерлері арнайы тізімге енген балалардың үйлеріне барып, әңгімелесу жұмыстарын жүргізуде. Жасөспірімдер арасында суицид фактілері де тіркелген. Бүгінде ондай оқиғалар саны 3-ке жетіп отыр. Дәрі ішіп өлмек болған жасөспірімдердің бүгінгі жағдайы қалыпты. Олармен психологтар жұмыс істеуде. Сонымен қатар, жаз айында ата-ана қарауынсыз су жағалауларына барған, тыйым салынған жүзу аймағына өтіп кеткен жастар да жетерлік. Осыған байланысты ата-аналарға ескерту жасаған Аманжол мырза бейқамдыққа салынған әке мен анаға алғашында 10 АЕК негізінде айыппұл салынатынын немесе 127-бап бойынша қатаң шара қолданылатынын ескертті.

Бүгінгі таңда қаладағы жағдай тұрақты. 200-ден аса бейнебақылау камерасы істеп тұр. Сонымен қатар, Қарағандыдан тағы бір «EKIN» патрульдік көлігі алынып, жалпы саны 2-ге жетті. Олардың біреуі – облысаралық, екіншісі – қалаішілік жол тыныштығын бақылайды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

## Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

# АБАЙ – РУХАНИ РЕФОРМАТОР

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Келесі жылы Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығын атап өтеміз. Бірақ кезінде ұлы ойшылды қатты толғандырған кейбір келеңсіздіктер қоғамда әлі де кездеседі. Өкінішке қарай Абай айтқан «бес дұшпаннан» толық арылып болған жоқпыз.

Азаматтарымыздың арасында жалқаулық пен сөзуарлық жиі кездесетіні қынжылтады. Бұлар бұрынғыша тойқұмарлықтан тартынбай, күнделікті тынымсыз тірлікті дәріптеудің орнына, әрбір қоғамдық оқиғадан саяси астар іздейді де отырады.

Абай халықты той тойлауға емес, еңбек етуге, рухани кемелденуге шақырды. Абайдың ұлағаты әлі күнге дейін маңызын да, құндылығын да жоғалтқан жоқ. Сондықтан біз оның терең ойларына, келешектің келбетіне үңілген көрегендігіне таңырқаудан жалыққан емеспіз. Абай ілімі бүгінгі бірқатар бағыттарға орайлас келеді.

**Ең алдымен, білім игеру.** Біз бүкіл әлемді ақыл-ой мен парасатты пайым арқылы ғана мойындата аламыз. Заман талабына сай білім алу интеллектуалды ұлт қалыптастыруға жол ашады.

**Екінші, тәрбие мәселесі.** Сондықтан, өскелең ұрпаққа дұрыс бағыт берген жөн. Ақынның «Пайда ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге» деген өсиетін әрдайым санаға сіңіру қажет.

**Үшінші, жаңа кәсіп игеру.** Ақын әр қазақ өз ісінің шебері болса деп армандады. Әсіресе бәсекелестікке толы алмағайып заманда мұның мәні зор. Абай: «Мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды» дейді. Біз еңбекке, жаңа өнер игеруге деген көзқарасымызды түбегейлі өзгертуге тиіспіз. Байлықтың да, бақыттың да кілті – өзің сүйген кәсіпте.

**Төртінші, ынтымақ мәселесі.** Абай әрдайым қоғамның береке-бірлігін арттыруға ден қойды. Ол «Бірінді, қазақ, бірің дос, көрмесең істің – бәрі бос» деп, елді татулыққа шақырды.

Біз аса күрделі кезеңді бастан өткерудеміз. Осындай сәтте бір-бірімізге қол ұшын беріп, өзара мәміле мен ынтымағымызды арттыра түсу аса маңызды. Кемеңгердің де жан-жүрегімен тілегені жұртының амандығы мен ұлтының тұтастығы еді. Сондықтан бүгінгідей қиын шақта Абай мұрасына жүгіну өте өзекті болып отыр.

Абай өнегесінің құны дәуір алмасқан сайын артпаса, кемімейді. Ол баршаға түсінікті әрі күллі адамзатқа ортақ. Оның қара өлең болып өрілген және қара сөз болып төгілген оралымды ойлары әлі күнге дейін өмірлік бағдар болып келеді.

Ұлтының болашағы үшін қам жеген ұлы ойшыл күллі жұртшылықты да махаббат



пен мейірімге үндеді. Ақынның осындай адамгершілік қағидаттары еліміздің бүгінгі ұрпақтары үшін де аса қажет.

Мемлекет тәуелсіздік жағдайында ұлттық сананы қайта жаңғыртуға және жаһандану өзгерістеріне бейімдеуге жалпыұлттық тұрғыдан басымдық беріп отыр.

Ұлы данышпан елдік мүддені әрдайым жоғары қоюға, алған білім мен тәжірибені халық игілігіне жұмсауға шақырды. Бүкіл адамзат үшін даму үрдісін осындай ұстаным арқылы ұғыну әрдайым маңызды болмақ.

Абай – біздің ұлтымыз бен жұртымызды танудың төте жолы. Ұлы ақын бізге мазмұндық тұрғыдан өлшеусіз, халықтың рухани азығына айналған мұра қалдырды. XXI ғасырға қадам бассақ та, Абайдың көзқарасы заманауи ізгілік қағидаттарына және Қазақстан қоғамының басты құндылықтарына, оның бірлігі мен берекесіне толықтай сай келетіндігіне тағы да бір мәрте көз жеткіземіз.

Ұлы данышпан ұлттың рухани мәдени, адами бет-бейнесін асқан көрегендікпен сипаттаған. Оның ұлылығы да осында.

Абайдың даналық сөздері қазақ халқының алтын тұғыры, түп негізімізге үңіліп, ұлттық ұстынымызды іздеген көптеген ұрпақтың басын біріктіретін мәңгілік рухани тірек болып қала бермек.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Абай сөзі – қазақтың бойтұмары» деген болатын. Бұл тұжырым бізді ақын әлеміне терең бойлауға, жаңаша ойлауға міндеттейді.

Қазір елімізде абайтанумен айналысатын бірнеше ғылыми-зерттеу орталығы бар. Осылардың жұмысын жүйелеп, елордамыздағы Абай академиясының төңірегіне топтастырған жөн. Академия барлық зерттеу мекемелерінің жұмысын ғылыми тұрғыдан үйлестіруші міндетін атқара алады.

Алдағы уақытта гуманитарлық пәндердің бөлінбес бөлшегі ретінде «Абайтану» курсын оқыту мәселесін қолға алу керек. Жаңа философиялық және саяси ұстаным тұрғысынан «Абайтану» оқулығы мен хрестоматиясын әзірлеу қажет. Сондай-ақ Абайдың «толық адам» ілімі жан-жақты әрі терең зерттелуге тиіс.

Біз Абайды XIX ғасырда өмір сүріп, XXI ғасырдың сөзін сөйлеген данышпан ретінде әлемге танытуымыз керек. Сонымен қатар оны ұлттық сананы жаңғыртуға зор ықпал еткен рухани реформатор ретінде дәріптеуге міндеттіміз.

Түптеп келгенде, әрбір қазақ Абаймен мақтануға тиіс! Халқымыздың ұлы перзентінің торқалы тойы құтты болсын!



# САНА СӘУЛЕСІ, ЖҮРЕК ЖҰЛДЫЗЫ

**Біз тарих, қоғам туралы ойланғанда арғы-бергі өткен ойшылдардың пікірлерінен аттап кете алмайтынымыз ақиқат.**

**«Ұят, ұят, ұят – міне бүкіл адамзат тарихы осы!» деген ащы сөзді Фридрих Ницше тегін айтпаған. Бұл сөзден барлық адамзат баласы жасаған күллі күнәлардың баршасы қараңғыдағы шоқтай болып, көздері қызара жылтырап, тесіле қарап тұрғандай сезіледі.**

**«Білімнен асар қазына жоқ, ақымақтан асар жауың жоқ, білімнен биік бедел жоқ, ұяттан артық әшекей жоқ» деген сөзді Сократ айтқан деседі.**

**Ал Абай 36-қара сөзінде ұят туралы айтып келіп: «Ұят кімде болса – иман сонда» деген...**

Абай өз еңбектерінде ар мен ұят категорияларын қамшының өріміндей қатар қарастырған. Оның «Пайда ойлама, ар ойла» деуінің астарында терең мән жатыр. Мұнда қазақтың: «жарлы болма, арлы бол» дейтін тұжырымымен де үндестік бар.

Ғұлама философтардың ұйғаруынша, ұят деп адамның алдындағы қорқынышты атаймыз, ал ар дегеніміз – Құдайдың алдындағы қорқыныш.

Абай айтқан: «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Басқа нәрселермен озамын деу бекершілік» деген.

Біздің ұлтымыздың ұстазы Абай өз шығармаларында әлемнің бірінші ұстазы Аристотельмен де үндестік тапқан. Оның «Ескендір» поэмасында Аристотель де өз шәкірті Ескендір Зұлқарнайын сияқты басты кейіпкердің бірі. Поэмада Ескендірге қамалдан лақтырылған адамның қу басы – ашкөз адамның, дүниеге тоймайтын қу құлқынның символы. Поэмада ұлы ақын:

Қу өмір жолдас болмас, әлі-ақ өтер,  
Өз күлкіңе өзің қарқ болма бекер.  
Ұятың мен арыңды малға сатып,  
Ұятсызда иман жоқ, түпке жетер, – деп қорытып, кейінгі ұрпаққа ұлағатты ой тастайды.

Данышпан ақынның «Ғылым таппай мақтанба» деген дидактикалық өлеңі біздің қазақ халқының ғана емес, күллі адамзат баласының өмірлік бағдарламасына енгізуге лайықты ғибратты туынды:

Бес нәрседен қашық бол,  
Бес нәрсеге асық бол,  
Адам болам десеңіз.  
Тілеуің, өмірің алдында,  
Оған қайғы жесеңіз.  
Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек, бекер мал шашпақ –  
Бес дұшпаның, білсеңіз.  
Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, рахым, ойлап қой –  
Бес асыл іс, көнсеңіз...

Шығармалары өз халқының ұлттық идеологиясының құрамдас бөлігіне айналып отырған Абай өзінің бір сөзінде «Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма» дейді. Ұлы ақын неге мыңмен жалғыз алысты? Бұл сұраққа Абайдан бір ғасыр бұрын өмір сүрген ирланд классигі Джонатан Свифт жауап беріп кеткен екен: «Нағыз кемеңгерді бірден байқап, тануға болады, өйткені оған бүкіл надандар мен дарынсыздар қарсы шығып, жабылып кетеді» деп жазыпты ол.

Өзінің «мыңмен жалғыз алысып», арпалыспен өткізген қысқа ғұмырында қазақтың кемеңгер ақыны әлемдік өркениетке өлмес үлес қосты. Сонымен қатар Байрон мен Гетені, Мицкеевичті, Пушкин мен Лермонтовты, Лафонтен мен Крыловты, Бунин мен Полонскийді, тағы басқаларды қазақ тіліне тәржімалап, әлем әдебиетінің асыл қазынасын өз ұлтының игілігіне айналдырып берді. Сөйтіп, әлем әдебиеті мен қазақ руханиятының арасына өз дарынымен алтын көпір орнатып кетті.

Кейінгі уақытта «Әр дәуірдің өз Абайы болады» деген пайымды жиі еститін болдық. Олай емес. Барлық дәуірге, барлық халықтарға ортақ бір Абай бар. Абай – дара. Алла – жалғыз, Абай – жалғыз.

Кезінде «Менің Абайым» деп ақын Темірхан Медетбек зерттеу кітап жазды, біз оны ыстық ықыласпен қабылдадық. Қазір Абайды иемденушілердің қатары тіпті көбейді. Несі бар, иемденуге хақысы бар, Абайды әркім өзінше таниды, әр қырынан келіп, өзінше баға береді. Мектеп оқушылары «Менің Абайым» деген тақырыпта жаппай шығарма жазуда. Бұл да құптарлық іс.

Бірақ Абаймен әсіре әуестенудің кері әсері де болатын сияқты. Мысалы, әр түрлі діни ағымның уағызшы-білгіштері ақын шығармаларына өз түсінік призмасымен қарап, тіпті бірі салафит, енді бірі кришнаит жасағылары келгенін де көрдік. Біз кейбір діни секталардың идеологтары Абай, Шәкәрім философиясын өз көзқарастарын насихаттауға пайдаланып, кітаптар, трактаттар, оқулықтар жазып, жариялап жүргеніне куә болдық, қарсылық білдіріп, тосқауыл жасап та бақтық. Бірақ одан не өнді, не өнбеді? Өйткені Абай бәріне керек. Егер Әуезовтің көзі тірі тұрса бұлай болар ма еді, болмас па еді?

Оның өлеңдерін Ресейдегі саяси топтар «Оккупай Абай» деп атап, өз саяси ойындарына, ереуіл-күрестеріне құрал еткені де есімізде. Олар өз ұрандарын жазып, ақынның кітабын, суретімен футболкасын шығарып таратты. Жалпы, шығарма атаулы жарыққа шыққан соң халықтың меншігіне айналады. Тіпті көзі тірі авторлардың өзі өзегін жарып шыққан шығармасына жарияланып кеткен соң ие бола алмай қалады. Сондықтан бұл жерде көпке не істеуге болады? Кім қандай мақсатына қалай пайдаланса да Абай – Абай болып, өз биігінде қала береді. Абайды «түсініксіз қазақ» деп атаған Навальныйға біз ренжідік, бірақ біз өзіміз Абайды толық түсініп болдық па? Мен өз басым данышпан Абайдың біз шеше алмай жүрген ұлы бір жұмбағы – оның өз халқының бостандығын аңсауында жатқанын сезгендей болдым. Мәскеудегі жағдай соның бір көрінісі. Орыстың демократиялық күштері Абайдан өздеріне демеу, қолдау тапты. Дегенмен әлгі ереуілші Навальныйдан біздің өзгешелігіміз – түсінейік, түсінбейік, ұлт болып Абайға ден қоя бастағандығымыз.

Абай біздің бүкіл тыныс-тіршілігімізге етене еніп кеткені сондай, біз бүгін Абайсыз аттап баспайтын халге келдік. Өмірдің, тұрмыстың, қоғамның қай саласына барсаңыз да Абай жыры, Абай нақылы көмекке келеді. Абай – біздің ақылшымыз, Абай – біздің бағыт беруші Темірқазық жұлдызымыз. Абай жыры – ұлттық идеологиямыздың құрамдас бір бөлігі. Егер сол жолы Абайдан «таяқ жеген» Путин де Абайды оқып, оның жырына жүгінер болса өзіне үлкен жақтас тапқан болар еді. Абайдың ұлылығы сонда: ол – бүкіл адамзатқа ортақ тұлға, әлемдегі барша күрескерге дем беріп, демеу бола алатын қайталанбас қасиет!

Қызған, қызғанба, Абай Құнанбайұлы ешкімнің жекеменшігі емес, ең әуелі қазақ халқының дара перзенті әрі ұлы ұстазы, кемеңгер данышпаны, одан кейін күллі түбі бір түрік халқының үлгі тұтып, мақтаныш етер биік инсаны, қала берді бүкіл адамзатқа рухани шапағатын шашқан алып тұлға.

Ұлылық деген әрі қарапайым, әрі ұлы ұғым, оның ішкі шыңырауына екінің бірі бойлай алмайды. Абай бабамыз да «Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла», «Шеш көңілімнің жұмбағын» деп келер жетелі ұрпаққа жасырын қазыналы көмбедей ұлы міндет артып кетті.

Өз заманынан озып туған ақынның қат-қабат жұмбағын көзінің тірісінде ешкім шешпек тұрсын, мәніне бойлап, түсіне алмады. Біз болсақ әлі күнге дейін түсінуге талпынып келеміз.

Абай феноменін алғаш ашып берген Әуезов болса, арғы-бергі қаламгерлерден Абай ауылына ат басын бұрмағаны жоқ. Тәкен Әлімқұлов «Жұмбақ жан» деген зерттеу кітап арнады, Рамазан Тоқтаровтың «Абай жұмбағы» атты романы мемлекеттік сыйлыққа ие болды. Қайым Мұхаметханов, Мекемтас Мырзахметов, Тұрсын Жұртбай, Ғарифолла Есім, тағы басқа абайтанушылар еңбектерінің әрқайсысы бір төбе.

«Мен өзім тірі болсам да, анық тірі де емеспін. Әншейін осылардың ызасынан ба, өзіме-өзім ыза болғанымнан ба, яки бөтен бір себептен бе? – еш білмеймін. Сыртым сау болса да, ішім өліп қалыпты. Ашулансам, ызалана алмаймын. Күлсем, қуана алмаймын, сөйлегенім өз сөзім емес, күлгенім өз күлкім емес, бәрі де әлдекімдікі» (9-қара сөз).

Ал өлеңінде:

Ішім өлген, сыртым сау,  
Көрінгенге деймін – ау:  
Бүгінгі дос – ертең жау,  
Мен не қылдым, япырмау?!, – деп осы ойын сабақтайды.  
«Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей,  
Мен келмеске кетермін түк өндірмей».  
«Жақсы менен жаманды айырмадың  
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың».  
«...Адам баласы жылап туады. Кейіп өледі».

«Өзің тірі болсаң да көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың».

Ұятты білмей өмір сүріп жүргендерге қарап айтқаны: «бұйтіп тірімін деме, одан да Алланың ақ өлімінің өзі артық».

«Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ, құр көзбен көрген біздің хайуан малдан неміз артық» (7-сөз) дейді.

Мұндай үзінділер мен шумақтардан оның қым-қиғаш күреспен өткен қайғылы, қасіретті өміріндегі драмаға толы психологиялық халін көреміз.

Абай – ұлттық шеңберден шығып, әлемдік, адамзаттық деңгейге көтерілген Алаштың алғашқы ақыны дейтін себебіміз, ол өз пайымдарында әлемнің ұлы ойшылдарымен үндеседі, тізгін қағыса үзеңгілес тұрып, терезесі тең деңгейде тіл қатады.

Мысал көп, біреуін ғана келтірейін. Орыстың ұлы жазушысы Федор Достоевский өз «Күнделіктерінде» «ұлттың соқырлығы» және содан туатын екі қателік туралы өз көзқарасын тұжырған. Айтып отырғаны: «ақыл-ойдың қателігі мен жүректің қателігі».

Ақыл-ойдың қателігінен арылуға болады, ал жүректің қателігінен – айығу қиын. Жазушы бұл жүрек қателігін адамның жан дүниесін, рухын құртатын жұқпалы дертке балайды.

Ал Абай 17-қара сөзінде «Ақыл мен қайратты жүрекке билету керек» деген тәмсіл айтады. «Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым, Үшеуің бір кісінің бойынан табылсаңдар – «табанының топырағын көзге сүртерлік қасиетті адам сол», дейді. Міне бұл «қасиетті адам» – ұлы Абай атамыз идеал



ретінде ұсынған «толық адам», «кемел адамның» мінездеме, сипаттамасы, портреті.

Өз ұлтын жан-тәнімен сүйген ақын шығармаларында өз қайғысына ел қайғысын қосып жырлағаны бесенеден белгілі, айналасындағы надан жұрттың, мешеу қоғамның қисығын түзеуге әрекеттеніп, содан қыруар жау тауып, ақыры жүрегі айықпастай жараланып, құсаланып, жан дертін тапты.

Меніңше, Абайдың жұмбағының бір суыртпақ тамырын оның жанының дертінен іздеу керек...

«Бас-басына би болған өңкей қиқымның» заманындағы ымырасыз күресте надандардан жеңілді, толғанды, күрсінді, күңіренді, қорланды, әбден налыған шақта түңіліп отырса да:

«Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын?» деп, осы тұйықтан шығар жол іздеді.

Міне, осы жерде ұлы ойшылдың «толық, кемел адам» концепциясы туады.

Осыны оқып, ойлай бер, болсаң зерек.  
Еңбекті сат, ар сатып неге керек?  
Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті:  
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек».  
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,  
Сонда толық боласың елден бөлек, – дейді ол.

Абай өзінің «Қара сөздерінде» «толық адамды» екіге бөледі:

Надандыққа толық адам;  
Адамдыққа толық адам.

«Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол» дегендегі 5 нәрсе талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым бесеуі де – адамның үш асыл қасиеті – Ақыл, Қайрат, Жүректен туындайды.

Адамзат өркениетіндегі адамгершілік-кісілік, дін-иман, білім-ғылым, тәрбие, әдеп, өнер, адалдық, әділеттік, ерлік, азаматтық, жомарттық, т.б. барлық ең парасатты, ең ізгі, ең игі қасиеттерді бойына сіңірген адам – Абай ұсынған «толық адам» тұжырымы – Президент Қ.К.Тоқаевтың ыждаһатымен бүгін біздің қазіргі Қазақстанның даму концепциясының негізіне айналғаны ұлтымыздың ілгерілеуі жолындағы стратегиялық құтты қадам болды деп айтар едім. Сондай-ақ биылғы жыл Абай жылы, ал ұлы ақынның туған күні Абай күні аталып, күнтізбеге еніп, халықтық дәстүрлі мерекеге айналғаны әдебиетіміз бен мәдениетіміздің ғана емес, адамгершілік пен ізгіліктің, ар мен иманның мәртебесі көтерілгенінің белгісі.

Хакімнің өлмес өлеңдерімен қатар, қасиетті «Қара сөздері» де адамсүюдің сарқылмас қайнары ретінде бүкіл адамзатқа ортақ мұра. «Қара сөздер» – ең алдымен қазақты тануға арналған трактат. Жазылғалы бері ғасырдан астам уақыт өтті. Ұлы ақын танып-білген ол қазақты біз жыға танымаймыз, тани да алмаймыз, танығымыз келсе де. Ал өзіміздің замандастарымызды ше? Оларды тануға қабілетіміз жоқ. Өзгені қойып өзімізді өзіміз кейде танымаймыз. Қазақ өзгеріп барады. Күннен күнге. Мінез-құлқы, әдет-ғұрпы, дүниетанымы, тіпті тілі, ділі, діні де... Бала кезімдегі кеңқолтық қазақты бүгін күндіз шаммен іздеп таба алмаймын.

Қазақтың ұлттық сыр-сипатын ашуға Абай, Шоқан, Шәкәрім, Байтұрсынов, Әуезовтен бастап, көптеген философтарымыз еңбек арнады. Осы ыңғайда Герольд Бельгердің жазбалары да көңілге көбірек қонады. Бергі толқыннан Тыныштықбек Әбдікәкімұлы «Қас-Сақ аңқымасы», Тұрсынжан Шапай «Қазақтың жаны», Амангелді Кеңшілікұлы «Қазақты сүю» деген монографияға татитын шығармалар жазды. Алаштану орталықтары жұмыс істеп жатыр. Бәрі де қазақтану ғылымына қосылып жатқан үлес деп білемін. Қазақты тану үшін ең алдымен қазақты жүрекпен жақсы көріп, құлай сүю керек. Бұл жерде жалаң патриотизмге орын жоқ. Кезінде қазақтың кейбір ерек мінезін шымшып сынаған бір-екі өлең жолдарымды ұстап алып, соңыма шырақ алып түсіп, мені қазақтың жауы атандырмақ болғандар бұл күнде райынан қайта қойды деп айта алмаймын. Соның өзінде біздікі әншейін, бер жағы, асылында қазақты Абайдан көп сынаған ақын жоқ. «Қолдарынан келсе алдымен Абайды қиратып алсын» демей-ақ қояйын... Мұны «қарпып сүю», – дейді.

Ұлы даланы кезіп, мәдениетіне қанығып, атқа мініп, киіз үйде түнеген, ән-күйін тыңдап, дастарқаннан дәм татқан, қазы жеп, қымыз ішкен, арғысы – ежелгі батыс-шығыс саяхатшыларының, барлаушыларының, уағызшыларының, бергісі – Ресей отаршыларының, карашекпендер мен каторжандарының біразы қазақтың ұлттық мінез-құлқы туралы өздерінше суреттеп жазып қалдырған. Ата-бабаларымыз әлі бір тудың астына бірігіп, қазақ атана қоймаған ықылым заманнан бері жеткен сипаттама, мінездемелер, кейіптемелер сақталған. Ибн Батута, Марко Поло, Рубрук, Карпини, Жувейни, Тянь-Шаньский, Пржевальский, Янушкевич те, Зелинский де, Достоевский де, Солженицын де... Көбісі қазақтың дарқан мінезін мақтап, даңғой қылықтарын шенегенмен, ешқайсысы да ұлтымыздың шынайы сипатын ашып бере алған жоқ. Оларға қарағанда «Мен бір жұмбақ адаммын...», «Шеш көңілімнің жұмбағын», «Сырымды тоқтатайын айта бермей» деген ұлы Абай күллі әлемге қазақ жаны мен санасының құпиясын көбірек ашты. Өлеңдері арқылы да, «Қара сөздерімен» де.

Дегенмен де, Абай өзі танып-біліп, зейіндеп-зерделеген қазақ жанының бүкіл құпиясын түгел жайып салмай, соңына көп жұмбақ қалдырды десек дәлірек болатындай. Абайдың қазақтанымы мұхиттағы алып айсберг секілді. Үштен бірін кейінгіге ашық ұғындырып берді де, қалғанын астарлап кетті. Меніңше, оның «Қара сөздерін» тәржімандардың орыс тіліне «Слово назидание» деп аударып жүргені дәл балама емес. «Қара теңіз», «қара шаңырақ» дегендегі «қара» сөзі ұлылық мағынасын беретінін бұл күнде орыстармен қоса бүкіл әлем жұрты біледі. Ана жылы Өскеменде Абайға еңселі ескерткіш қойылып, ашылу салтанатына барғанымызда сөз сөйлеген орыстың белгілі жазушысы Александр Радионов: «Абай Құнанбайұлының «Қара сөздерін» орысшаға сөзбе-сөз «Черное слово» деп аударсаңыздар әлдеқайда дұрыс болады, бұл сөзде ұлылық бар, солай деп аударыңыздар! Бұл «Слово назидание» дегеннен әлдеқайда күштірек!» деген сөзі есімде қалды... Бірақ біздің орысша сөйлеп-жазғанда орыстың өзін жолда қалдыратын тілмаштарымыздың өз уәжі, аргументі бар сияқты...

Бірде маған қазақтың орыс тілдес өнертанушы ханымы:

– Сіз неткен бақыттысыз, Абайды түпнұсқадан оқып-түсінетін, – деді, – сосын: – Ал біздің оқып жүргеніміз нағыз Абай емес, оның аудармасы ғана, – деп қосты. Мен оның сөзі мен әлпетінен ана тілін білмегеніне қатты қынжылған өкінішті байқап, жаным ашып кетті. Абайды түпнұсқадан оқи алмауын бақытсыздыққа балаған сұңғылалығына ішім жылып қалғанын несін жасырайын? Бұл жерде оның нәзік дауысымен өз ана тілін түсінбейтін бірнеше ұрпақтың бақытсыздығы айғайлап тұр еді.

Біздің көбіміз осы кезде ұлттық мұрат-ұлттық идеямыз неден бастау алатынын біле бермейміз, «ұлттық идеология қайда?» деп қақсаймыз. Негізі бұл ұлттық санаға байланысты мәселелер. Біз Абай жұмбағын кемеңгер ақынның жеке басының жұмбағы емес, күллі қазақ ұлтының, қала берді бүкіл Қазақстанның жұмбағы деп қарастыруымыз керек. Абайдың ғажайып құдіреті оның шығармаларына үңілген сайын осындай ойға итермелейді. Бірақ біз бұл жұмбақтың шешуін, соңғы отыз жылда қалыптасқан әдетімізбен, жұртымызды да, ырқымызды да біртіндеп билегісі келетін сұқ көзді сыртқы инвесторларға артып қойып қарап отыра бермей, өзіміз шешкеніміз жөн. Жұмбақсыз жан, құпиясыз адам жоқ. Дей тұрсақ та, қоғамдық санада «Інжіл құпиясы», «Құран құпиясы», «да Винчидің құпиясы» дейтін белең алған ұғымдар бар. Абай жұмбағы – қазақ жанының құпиясы да осы тектес құбылыс. Біздің ұлттық санамыз алдымен Абайды жете танып, ол қалдырып кеткен қазақ құпиясын – ғасырлардың ұлттық жұмбағын толық түсініп, түгел игеріп, шешкен жағдайда ғана әлемнен өз орнын ойып ала алады. Еліміз де солай. Бұл жолда ұлы Әуезов ұсынған ғылыми амал, зерттеу әдісі, өз қолымен салып беріп кеткен танымдық биік баспалдақ бар. Қазақстан қаншама дарқан, аққөңіл, ашық-шашық, аста-төк ел болғанымен Абай өзі жасырып кеткен ұлттың жұмбағын сыртқа көп әшкерелеп, әйгілей бермей, қазақ жанының құпиясын қымтап ұстағаны жөн деп білемін. Түбінде «Қазақ жанының құпиясы», «Қазақтың ұлттық санасы», «Қазақтың мақсат-мұраты», «Қазақ жұмбағы», «Қазақ феномені» деген сияқты ұғымдар әлемдік деңгейге шығатын күннің келеріне сенемін.

Өйткені Абай – сананың сәулесі, жүректің жұлдызы!

Абай – адамгершіліктің асқары, шындықтың шыңырауы, рухтың ғарышы!

Абай – «қор елде туып, қорлықпен өтсе де» (Шәкәрім) бар болмысы, бүкіл ұлы дарынымен, қатыгез ортада қайғыға тұншыққан қасіретті тағдырымен ұлтының ұлы болашағына жол ашып берген кемеңгер. Біз, Алаш елі, Абай барда адаспайтынымыз анық! Сондықтан Абаймен өмір сүрейік! Бүгінгі Абай күні құтты болсын!

**Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ,**  
**Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты,**  
**Қазақстан Жазушылар одағы**  
**басқармасының төрағасы**

*«Egemen Qazaqstan» газеті*

# АБАЙ БІЗБЕН БІРГЕ, БІЗ АБАЙМЕН БІРГЕМІЗ БЕ?

***Мемлекет басшысы, Ел Президенті Қ. К. Тоқаевтың Абай тағылымы жайлы жазылған мақаласынан соң өз өзімізге осындай сауал қойдық. Мақалада жанды мәселелер сөз болыпты.***



Абайдың ақылды сөздерінің қазақпен бірге келе жатқанына шамамен ғасырдан астам уақыт өтіпті. Кітаптары да бірнеше рет шықты, мерейтойлары да аталып өтіп жатыр, Абайдың өмірі мен өнегесіне қатысты өтіп жатқан іс-шаралардың санында есеп жоқ. Солай дейік. Ал Абайдан алған өнегемізді өмір қажетіне толық жарата алдық па? Абайдың ақылына толық бой ұсынғандық па? Сол даналық сөздерге қарап ой түзедік пе?

Мақалада айтылған білім, тәрбие, жаңа кәсіпті игеру, ынтымақ мәселелері – Абайдың даналық сөздерінің алтын арқауы. Осы төртеуі – бүгінгі қазақ үшін аса қажетті іс. Ал, Абайдың: «Бірінді, қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» деген сөзі – отбасынан бастап билікте отырғандардың әрқайсысының санасында сәт сайын жаңғырып тұру тиіс сөз. Меніңше, әр қазақтың тіршілік қағидасы болу керек.

Осы мақала тағы да сол ойыма қайта оралтты: Абайды тану, оны бүгінгі жаңа заман контексінде танып-білу ісінің басында мемлекеттік қызметшілер тұруы қажет. Ал Абайдың «Сегіз аяқ» деп аталатын өлеңі олардың жұмыс үстелінің үстінде жатуы тиіс. Мемлекет басшысының: «Біз Абайды XIX ғасырда өмір сүріп, XXI ғасырдың сөзін сөйлеген данышпан ретінде әлемге танытуымыз керек. Сонымен қатар оны ұлттық сананы жаңғыртуға зор ықпал еткен рухани реформатор ретінде дәріптеуге міндеттіміз. Түптеп келгенде, әрбір қазақ Абаймен мақтануға тиіс!» деген сөзіне мән бере қарасақ керек. Осы істің басында мемлекеттік қызметшілердің жүргені жемісті болмақ.

Бір айта кететін жайт, Абайтану курстары мектеп пен колледждерде, университеттерде ғана емес, мекемелер мен кәсіпорындарда да жүргізілуі қолға алынса.

Қуанышты оқиға: 10 тамыз – Абай күні болып белгіленді. Бұл – Құнанбайдың ұлының туған күні емес, бұл – Құдай сүйген қазақтың ұлылығының күні. Ұлы ақын туған күн – ақыл нұрланатын күн болса екен.

**Ғазиз ЕШТАНАЕВ,**
**Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі**



***Осы ара-арасында «Рухани жаңғыру» деген не? Рухани жаңғыру ән айтып, жыр жаттаумен шектеле ме? Жоқ, әлде, тұтастай сананы өзгерту, өмір салтын қайта қарауды рухани жаңғыру дейміз бе деп пікір таластырып жатамыз ғой. Бұл сұрақтардың жауабын да осы Абай Құнанбайұлының шығармашылығынан табамыз. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, Абай – рухани реформатор. Яғни, рухани жаңғыру үшін Абайға үңілуіміз керек.***

# ӨЗЕКТІЛІГІМЕН ӨМІРШЕҢ

Мемлекет басшысының тапсырмасымен Үкімет 10 тамызды Абай күні деп белгіледі. Ойшыл ақынның мерейтойына қатысты іс-шараларды жоспарлау, өткізу былтыр басталып кеткенін білеміз. Биыл Халықаралық Абай жылы деп жарияланып жатқаны және бар. Әлемнің әр елі Абай мұрасына мән беріп, ақын тойы жаһандық деңгейде атап өтілуде. Бұған ел басшылығының ғана емес, ЮНЕСКО сынды іргелі ұйымның да қолдауы барын айта кету керек.

Ал, енді ақын тойын қалай өткіземіз, мұрасын қалай насихаттап, бойымызға сіңіреміз дегенге тоқталсақ. Әдетте, түрлі флешмоб жасап, эстафеталар ұйымдастырып, ақын өлеңдерін жатқа айтып жатамыз. Мұны қате дей алмаймыз. Қайта жастардың бетін бұру, әдебиетті насихаттау деп түсінеміз. Ал, әріден ойласақ, біз Абайды рухани жаңғыруымыз үшін оқып, тануымыз керек.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы айта келіп, тұтас қоғамның және әрбір қа¬зақ¬стан¬дықтың санасын жаңғыртудың бір¬неше бағы¬тын атап өткен еді. Олар: Бәсекеге қабілет, Прагматизм, Ұлттық бірегейлікті сақтау, Білімнің салтанат құруы, Революциялық емес, эволюциялық жолмен даму, Сананың ашықтығы. Қоғамдық сананы жаңғыртып, күнделікті өмір салтымызды кертартпа түсініктер мен даңғаза даңғойлықтан арылтамыз десек, осы мәселелерге мән беруіміз керек. Абайдың да айтатыны осы емес пе?

Бәсекеге қабілет адам баласы жаралғаннан бері қарай маңызын жоймай келеді. Өмір – күрес. Абай шығармаларына да осы арқау болған. Алысқа бармай-ақ, ақынның екінші қара сөзін еске түсіріңіз.

Прагматизм дегенде ойға Абайдың:

«Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның білсеңіз» деген жолдары оралады.

Ұлттық бірегейлікті «Бірінді, қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» деп Абайдан артық сипаттай алмаспыз.

«Ғылым таппай мақтанба» деген Абай халқын білімге құштарлыққа шақырмады дей алмаймыз. Абайдың өмірі де – тынымсыз ізденістің көрінісі.

Осы сияқты эволюциялық жолмен даму, сана ашықтығы қағидаттары да бізге таңсық емес. Өйткені, алдымызда Абайдай ақылшымыз бар.

Ұлы ақынның 175 жылдығында алпыс мың үй тігіп, ат шаптырмасақ та, әр қазақ Абай мұрасына тағы бір көз жүгіртіп, санасына сіңірсе, Абай күрескен, Абай аулақ бол деген жәйттерге тағы бір назар салса, міне, үлкен мереке сол болар еді.

**Дархан МҰХАН**

АЛТЫН ОРДА – 750

# АЛАША ХАН КЕСЕНЕСІНДЕ ҚАЗАҚ ХАНДАРЫНЫҢ БАБАСЫ ЖАТЫР



***Биыл халықаралық ауқымда кеңінен әйгілі Алтын Орда мемлекетінің құрылуының 750 жылдық тарихына сәйкес келіп отырғандықтан осы ұлы мемлекеттен бізге мұра болып қалған көне тарихи орындарды анықтау аса маңызды. Сондай қасиетті ескерткіштердің бірі – Алаша хан кесенесі. Аты да заты да жұмбақ бұл кесенеде кім жатқаны туралы нақты тарихи деректер табылмағандықтан бүгінде осыған қатысты «болжампаздар» қатары көбейе түсуде.***

Онда кімді жерлемедік десеңізші? Басы Шыңғыс хан болып, оның ұрпақтары Орыс ханды да, Ақназар ханды да осында «жатқызып» көрдік. Алайда дәлелдеулер осал болғандықтан бұл айтылғандар тұспалдау түрінде қалды.

Естір құлақ болса, біз де осыған байланысты өз пікірімізді айтып жүрміз. Ең алдымен айтарымыз, бұл мәселеде сөйлеу үшін ең алдымен «Алаш» немесе «Алаша» атауларының басын ашып алуға тура келеді. Ал олардың тарихы арғы замандардан бастау алады. Алайда Орхон жазуларында кездеспеуіне қарағанда бұл ұғымдар VIII ғасырға дейін әлі де қолданысқа кеңінен ене қоймаған. Қашқари өзінің әйгілі еңбегінде бұл мәселеге «АЛАШҰ – баспана, кепе» деген нақты түсініктеме берген еді. Дәл осыған ұқсас мағынаны түрік тілінің білгірі В.В.Радловтан да кездестіреміз. Ол Алаша деген сөзді «аласа, яғни кіші» деп түсіндіреді. Бұдан және басқа да деректерден аңғаратынымыз, XI ғасырдағы түркі сөзі «Алашұ» немесе «Алаша» біртіндеп қолданыстан шығып, оның «Аласа» деген баламасы кейінгі қазақ тілінде сақталып қалған. Кезінде хан емес, бірақ ханнан кейінгі саяси тұлғаларға түркілер «Алаша» (кіші, аласа) деген есімді берсе, шағындау ұлыстар мен екінші қатардағы ордаларды да осылай атаған.

Осыған қосымша дәлел – кезінде Алаш қозғалысы қатарында болған Мұстапа Бұралқыұлы жасаған «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» қазақша «Алашақ» сөзінің мағынасы «Аласа» екендігі, сондай-ақ «Аласаның» «биік емес, тапал» дегенді аңғартатыны тағы да атап көрсетілген. Алаш қозғалысының қайраткерлерімен бірге қуғындалған бұл кісінің пікірі жоғарыдағы В.Радловтың айтқанымен үндесіп жатыр.

Осындайда тағы бір айтпағымыз, бүгінгі тарихтағы қателіктердің бірі – зерттеушілердің бәрі «Алаша» сөзінің қалмақ-моңғол аудармасына ғана мән береді де, ал XI ғасырда Махмұд Қашқари айтып кеткендей, оның көне түрік сөзі екендігін біле бермейді. Мұның басты себебі, біздің ойымызша XIII ғасырға қарай, моңғол жаулауынан кейін «Алашаның» көне түрікше айтылуының қолданыстан шығып, оның моңғолша (қалмақша) мағынасының көп қолданыла бастауында деп ойлаймыз. Сондықтан да тарихи әдебиетте: қазаққа ұран болған «Алаша» ма, жоқ әлде «Алаш» па? – деген нақты сауал ешқашан да туындамай, бұл екеуін бір сөз, бір тұлға ретінде қабылдап, мәселе онан ары шатаса түсті. Оның үстіне қазақтың жауға шапқанда «Алаша» деп емес, «Алаш» деп ұрандағаны және белгілі. Және бұл екеуі әртүрлі мағынаны білдіретін бөтен сөздер болып табылады. Сондықтан, бұл мәселеде бұрынғылар жіберген қателікті қайталамай, «Алашты» «Алашадан» бөліп, жеке қарастыруымыз қажет болады.

Сондықтан да Алашаны қоя тұрып, алғаш Алаш атанған тарихи тұлғаларға қысқаша тоқтала кетер болсақ, олар біздің білуімізше үшеу. Нақты атап айтар болсақ, олардың алғашқысы – дәстүрлі қазақ шежіресінің басында тұрған Алаш баба (шамамен біздің заманымыздан бұрынғы XIV ғасырдың екінші жартысы), екінші – Түргеш қағанатындағы Бес Түрік Дулу құрамындағы бір тайпаны басқарған және VIII ғасырда өмір сүрген Түргеш Алаш шор және үшінші – Өзбек ұлысының ханы Әбілқайырмен замандас Ақ Орда аймағын билеген Алаш баһадүр. Бұл кісілердің әрине, Алаша ханға еш қатысы жоқ. Алғашқы Алаш соңғы шежіре мәліметтері бойынша, Мұхаммед пайғамбар туғаннан бір мың тоғыз жүз жыл бұрын өмір сүрген адам. Халық жадында осы Алаш қазақтың арғы бабасы ретінде есте сақталған тұлға. Ал енді аталған Алаш атты тұлғалардың қайсысы қазаққа ұран болды дегенде Алаша ханға емес, аталған үшеудің соңғысы Алаш баһадүрге тоқталатынымыздың себебін бұрынғы зерттеулерімізде де айтқан едік. Иә, Моңғол ұлыстары ыдырай бастаған тұста XIV-XV ғасырлар тоғысында Қазақ хандығы құрылардан 20-30 жылдай бұрын Дешті Қыпшақ (Ақ орда) даласын Алаш баһадүр атты тарихи тұлғаның дара билегені ортағасырлық автор Масуд ибн Осман Кухистанидің «Тарих-и Абулхайрхани» атты шығармасында нақты айтылған.

Ал енді Алаша хан мазарына келсек, жаңа зерттеулер мынаны көрсетіп отыр: мұнда бұрын айтып жүргеніміздей, қарадан шығып халыққа ұран болған біз әңгімелеп отырған Алаш баһадүр емес, Шыңғыс тұқымы, яғни ақсүйек тұлға Алаша (Аласа) хан атанып кеткен, Жошы ханның үлкен ұлы Орда Ежен жатыр демекпіз. Әкесі Жошымен қатар Алаша ханның айшықты кесенесінің ғасырлар қойнауынан бүгінге аман-есен жетуінің басты себебі оның қазақ хандары мен сұлтандарының арғы бабасы болуында.

Алаша хан кесенесінде Орда-Еженнің жатқанына мынадай дәлелдеріміз бар:

1. Әкесі Жошыға жақын аймақта тұрғызылған еңселі де айшықты кесенеде жатуға Ежен әбден лайық еді. Ол Жошы ұлысы – «Ұлығ ұлыс» аталған мемлекеттің алғашқы бастауында Жошыдан кейінгі саяси ірі тұлға болды. Ежен осы ұлыстың ғана емес, бүкіл Моңғол империясының ірі қайраткері ретінде 1223-1224 жылдары өткен мемлекеттік жоғарғы жиындарға, 1229 жылы Өгедейді, одан соң 1246 жылы Күйікті қаған сайлаған ұлы құрылтайларға Жошы әулетінің басты тұлғасы ретінде қатысты. 1235 жылы Қарақорымда өткен ұлы құрылтайда ол інісі Бату ханмен бірге батысқа жорық жасайтын моңғол әскерінің басқарушы құрамына еніп, Жошы әулетінің әскерін басқарып, Еуропадағы Тисса өзені аймағына дейін барып, ерекше ерліктерімен көзге түсті. Күллі Моңғол империясының ұлы қағаны шығарған ресми жарлықтарда Еженнің есімі әрқашанда інісі, Алтын Орда ханы Батудан жоғары тұрды. Бұл оның рухани-әлеуметтік тұрғыдан көрнекті де ірі тұлға болғанын дәлелдейді.

Өтеміс қажының XVI ғасырдағы «Шыңғыснаме» атты еңбегінде Жошы хан қайтыс болған соң, оның Ежен (Ордана Ежен) мен Сайын (Бату) бастаған балалары әкенің босаған тағына кім отыратынын шеше алмай, аталары Шыңғыс ханға барғандары айтылады. Шыңғыстың «Жасақ» заңы бойынша таққа балалардың үлкені Ежен отыруы керек еді. Алайда ол, інісі Сайынның (Батудың) Ұлы даладағы үлкен беделін және мемлекет басқару қабілетін мойындап, тақтан бас тартады. Мұны бектерімен кеңескен Шыңғыс хан мақұлдап қана қоймай, оларға Жошы ұлысының екі қанатын бөліп берді. Ол бойынша Сайын ұлыстың оң қанатына, Еділ бойындағы аймақтарға ие болса, ал ағасы Ежен ұлыстың сол қанатын – Сырдарияның төменгі ағысынан Ұлытауға дейін созылып жатқан аймақты иемденді (*Утемиш-хаджи. Чингиз-наме. Алма-Ата, 1992, 122-б.*).

Шыңғыс қалыптастырған дәстүр бойынша ұлыстың оң қанатын билеуші аға хан болатын еді де, ал сол қанатты билеуші кіші (аласа) хан болып есептелді. Осыдан бастап, Орда-Ежен Батудан жасы үлкен бола тұрса да, билік лауазымы аласа болғандықтан, өзі өмір сүрген ортада – қыпшақтілдестер қауымында екінші хан, яғни Алаша (Аласа) хан аталды. Осыған байланысты осы аймақтағы Алаша хан мазары деп жүргеніміз қазақ хандарының арғы және алғашқы бабасы Орда-Еженнің мазары деген қисынды қорытынды туындайды.

Осы жерде Орда-Еженнің қосақталған екі есіміне байланысты өз пікірімізді айта кеткенді жөн көрдік. Зардыхан Қинаятұлы Еженнің өз аты Орда (Ордана) да, ал Ежен оның қосымша аты деген пікірді айтады. Біздіңше, бұл жерде мәселе керісінше моңғолша, «Ел иесі» деген мағынаны білдіретін «Ежен» оның туғанда азан шақырып қойған өз аты деп ойлаймыз. Өйткені Өтеміс қажының «Шыңғыснамесінде» оның есімінің алдында тұрған «Орда» есімі мүлде аталмай, «Ежән», «Ежән-хан» деген атау ғана қолданылады (көрсетілген еңбек,121-123 б.). Ал енді «Орда» (түрікше – Орду, моңғолша – Ордана) ежелден келе жатқан билік лауазымы. Ежелгі қытайдың Хән әулеті тұсында «Орданай» – Орда әкімі, бас ұлықнайдың қолқанаты» дегенді білдірген. Уаң Бинхуа,Уаң Миңжы. «Үйсін туралы зерттеу». Іле халық баспасы. 2009; Мына кітап бойынша беріліп отыр: Жанболат Сұлтан. Ежелгі ұлыс тарихы.Тарихи зерттеу. «Атажұрт». 2012, 162 б.). Махмұд Қашқариде де «Орду» сөзі дәл осындай қызмет лауазымын, Орда бақылаушысы деген мағынаны білдіреді. Моңғол империясының Ұлығ ханы Мөңкенің өзінің жарлықтарында Орда-Ежен есімін Батудан жоғары көрсетуі, кезінде Шыңғыс ханның Батудың «оқ хан» лауазымынан кейінгі «Ордана (Орду)» билік дәрежесін Еженге тапсырғаны байқалады. Осы негізде Шыңғыс хан қалыптастырған Жошы ұлысындағы (Алтын Орда мемлекетіндегі) алғашқы кезеңдегі ел басқару жүйесі XIII ғасырдың 20-50 жылдарында төмендегі билік сатыларынан тұрды:

Мемлекеттегі ең жоғарғы билік – Ұлұғ хан Ұлыстың оң қанатын билейтін аға хан – «Оқ хан» (монғ. Khan huu) немесе «Яссақ ханы» («Хан йосуқын») Ұлыстың сол қанатын билейтін кіші, Алашұ хан – «Алаша хан» (Аласа хан-«Орду»).

2. XVII ғасырда өмір сүрген Әбілғазы Бахадүрхан Орда-Еженнің қосымша аты «Алшын» болғанын атап көрсетеді. Алайда әңгіме бұл жерде тағы да Алаша туралы болып отыр. Өйткені ол, өзі Есім хан мен Тұрсын хан заманында жырақтағы Тәшкент-Самарқанд аймағында өмір сүргендіктен, Ұлы далада таралған «Алшын» мен «Алашаны» бір тайпалық атау деп қабылдаған. Бұл жерде қазақтардың Алшын одағында Алаша деген рудың бар екендігі және белгілі. Осыған байланысты әйгілі профессор-филолог Сәрсен Аманжолов А.Левшиннің, Ш.Уәлихановтың айтқандарына сілтеме жасай отырып, былай деп жазған еді: «по легендам казахов и киргиз, слово «алшын» (иногда «алакчын», «алачен») часто связывается с племенным названием алача // алаша) или с именем Алаш (Алач), которое выступает как синоним слова «казах»...». Бұл жерде зерттеуші Н.Аристовтың Рашид ад-Диннің шығармасына сүйене отырып, «алшын» сөзі «алашадан» немесе «алаштан» шыққан болар деген тұспалдауына да назар аударады және ол лингвистикалық көзбен қарағанда бұл пікірдің толық қисынды екендігін айтып, мақұлдайды. Бұдан туындайтын қорытынды біреу: Орда-Еженнің қосымша атын «Алшын» деп көрсетіп отырған жоғарыда аталған Әбілғазы шын мәнінде оның «Алаша» («Аласа») деп аталғанын айтып отыр.

3. Алаша хан кесенесінің Жошы хан кесенесімен бір өзен – Қаракеңгір бойында, бір аймақта – Жошы ұлысының алғашқы орталығы болған Ұлытау өңірінде жатуы да аталмыш кесенеде әкесіне әрқашан жақын болған, үлкен ұл – Еженнің жатқанын дәлелдей түседі. Әкелі-балалы бұл екеуі де осы өңірде өмір сүріп, осы аймақта дүниеден өтті. Олардың Ордасы да осында болды. Осындайда, кейбір тарихшылардың Жошы мен Еженнің ордаларын кезінде Шыңғыс ханға жаздық Орда болды делінетін алыстағы Ертіс бойынан іздестіретіндері түсініксіз. Мұндағы қателік – Шыңғыс хан өзінің Ұлұғ Ордасын мұрагерлікпен Жошыға емес, Үгедейге қалдырғанын ескермеу. Ал атадан келе жатқан Моңғолиядағы қара шаңыраққа, үлкен үйге дәстүр бойынша кенже бала Төле ие болғанын білеміз. Сондықтан да Жошының да, оның үлкен ұлы Еженнің де Ордаларын Ертіс бойынан іздеу қате деп ойлаймыз. Күні бүгінге дейін оны бұл маңнан ешкім таба алмаған себебі – Ертіс аймағы ешқашан да Ежен ұлысына қараған жоқ. Орда Ежен ұлысына қандай аймақтар қарағаны бір ғана деректе – ортағасырлық Муин ад-Дин Натанзи жазып қалдырған «Аноним Искандера» атты шығармада көрсетілген. Онда Жошы ұлысының Орда-Ежен ұрпақтарына қараған сол қанатына «Ұлытау, Сегіз ағаш және Қаратал аймақтары, Туйсенге (Тюменге?) дейінгі аймақтар» жатқызылған (Тизенгаузен В. СМИЗО.Т.II.-СПб, 1884, 127 б.). Мұнда Ертіс аймағы мүлде аталмайды. Яғни Ежен ұлысының шығыс шекарасы деректе көрсетілгендей, Қаратал-Іле өзендері аңғарынан арыға бармайды. Кейінгі археологиялық зерттеулер де Жошы-Ежен ұлыстарының орталығы Ертіс бойы емес, Ұлытау аймағы болғанын дәлелдеп отыр. Сондықтан да әкесі Жошының да, баласы Еженнің де қабірі осында, Ұлытауда жатыр. 1242 жылы Моңғолияға бара жатқан жолында Плано Карпини Орда-Еженнің Алакөл маңын мекендеп отырғанын жазып кетеді десек, мұнда әңгіме – Еженнің Ордасы туралы емес, осы аймақтағы оның көшу жолдары туралы болып отыр. Сондай-ақ мұнда да Ертіс бойы аталмайды. Оның үстіне соңғы жылдардағы зерттеулерде Еженнің ұлысының үш орталығының бірі Ұлытау (Орда Базар) болғаны да айтылып жүр.

4. Алаша хан кесенесінің Орда-Ежен және оның балалары заманындағы құрылыс болып табылатынын жөндеу жұмыстары кезінде оның қабырғасындағы кірпіштердің бірінен XIII ғасырдың екінші жартысындағы – XIV ғасыр басындағы Алтын Орда-Ақ Орда төрелердің тұтқалы тарақ рулық таңбасының табылуы да дәлелдей түседі.

Ал енді бұл жерде Орда-Еженнің ұрпақтарының қайсысы оған Ұлытауда кесене тұрғызды деген нақты сауалға жауап іздер болсақ, ханның немересі Қонышқа тоқталамыз. Мұның негізінен екі себебі бар. Оның алғашқысы жоғарыда айтқанымыздай, Қоныш атасы Орда-Еженнің жаулары тынышталған, көзден тайған бейқуат заманда жиырма жылдан астам ел биледі. Бұл маңызды құрылыс тұрғызуға аса қолайлы кезең еді. Екіншіден, Алаша хан кесенесінің өзіндік, дәстүрлі және исламдық ерекшеліктері, және мұндай ескерткіштің Қазақстан ғана емес, Орталық Азия аймағында да кездеспеуі мұны тұрғызған ханның ел ішінен ғана емес, басқа елдерден де шеберлер шақырғанын байқатады. Бұл кесене туралы өткен ғасырдың 50-ші жылдарында оны арнайы зерттеген архитектор-тарихшы Г.Г.Герасимов былай деп жазған еді: «Прямых прототипов мавзолея Алаша-хан мы не знаем не только в Центральном Казахстане, но и на всей территории Средней Азии».

Ал енді басқа елден де шеберлер шақыру мәселесіне келсек, осындайда Қоныштың қоңырат руынан шыққан анасының Иран аймағын билеген Хулагу ханның ықпалды әйелімен туған апалы-сіңлілі болғаны еске түседі. Бұл байланыстарды өзі 1250-1251 жылы қайтыс болғанға дейін Ежен негіздеп кеткен еді. Сондықтан да Еженнің немересі Қоныш хан 1280-1301 жылдары Ақ Орданы басқарған кезінде Иранды билеген хулағулық елхандармен тығыз туыстық және дипломатиялық байланыстар орнатты. Сондықтан да біздің ойымызша, Алаша хан кесенесін салуға жергілікті қыпшақтармен қатар парсы шеберлері де атсалысқан. Сондықтан да кіре берісі қасиетті Меккеге қарап салынған, кесене архитектурасында парсылық және мұсылмандық элементтер жергілікті дәстүрге сәйкестендірілген.

5. Ал енді осындайда, Алаша хан кесенесінде Орда-Ежен жатқан болса, онда неліктен ханның өз аты ұмыт болып, қосымша есімі ғана халық есінде сақталған деген орынды сауал да туындайды. Мұның біздің ойымызша екі себебі бар: 1.XIV-XV ғасырларға қарай Ұлы даладағы Шыңғыс тұқымы толық түркіленіп, олардың моңғол-тұңғыс тіліндегі есімдері қыпшақтық ортада ұмытыла бастады. Сондықтан да біз негізгі дерек ретінде пайдаланып отырған, Өтеміс қажының XVI ғасырдағы жергілікті халықтың тілінде жазылған «Шыңғыснаме» атты еңбегінде Батудың аты да аталмай, ол тек Сайын деп аталса, ал Орда-Еженнің қосалқы «Орда» аты да бұл еңбекте ауызға алынбайды. Себебі, халық бұл заманда, Еженнің моңғолша атын емес, елге кеңінен таралған қосымша түркілік есімі «Алаша ханды» ғана есте ұстап қалды. Ал енді ғасырлар тезінен аман өткен әкесі Жошы ханның ескерткіші тәрізді Алаша хан кесенесінің қирамай аман қалуының арқасында ғана мұндай тарихи тұлғаның өмір сүргенін біліп отырмыз. 2. Одан соң, Орда-Еженнің өз атының ол жерленген кесенеде сақталмауына бәрінен бұрын Жошы тұқымдары мүдделі болды. Алғаш Бату мен Ежен тұқымдарының, одан соң Шайбан және Ежен әулеттерінің Алтын Ордадағы және Ақ Ордадағы таққа таласқан өзара қырқысулары, кесенені дұшпандардың қирату қаупі оны қорғауды басты мәселеге айналдырды. Сондықтан да Ежен әулеті аталарының кесенесін оның жергілікті халыққа ғана әйгілі қосымша есімімен – Алаша хан атымен атағанды жөн көрді. Бұл өзі халықтық байырғы шежіредегі Алаш бабаның есімімен үндесіп жатқандықтан көп кешікпей-ақ Алаша хан кесенесі де қасиетті орынға айналды. Айтылғандардың қисындылығы кейін Ақ Ордаға астана болған Сығанақта Орда-Ежен тұқымынан шыққан хандар кесенелерінің қиратылуы және сақталмауы айқын дәлел бола алады.

Алайда бұл жерде мынаны да айтқан жөн: кейбір зерттеушілер Алаша хан кесенесінде Ақназар хан жатыр деп ойлайды. Бұл қате. Ұлытау өңірі Ақназар билікте болған заманда әлдеқашан, хандықтың саяси орталығы болудан қалған еді. Оның үстіне Ақназар хан жорытқан және қайтыс болған аймақ оңтүстікте, Ұлытаудан шалғай жатыр. Мұндай көзқарасты кезінде архитектура тарихын жақсы білетін Г.Г.Герасимов те дәлелді түрде теріске шығарған болатын.

Тағы бір айтарымыз, Орда-Еженнің жетінші ұрпағы Ақ Орданың даңқты ханы Орыс ханды Алаша хан жасағысы келетіндер бар. Орыс ханның Алаша аталуы мүмкін емес. Біріншіден Орыс ханның Ұлытау аймағына еш қатысы жоқ. Ол бұл аймақта көшіп-қонбаған және оны ешқашан да атамекенге айналдырмаған; Екіншіден, оның саяси-әкімшілік орталығы, ресми астанасы Сығанақ қаласы болды. Оның бүкіл өмірі, барлық негізгі әскери жорықтары Ұлытауды емес, осы Сыр бойындағы қалаларды Әмір Темір мен Тоқтамыс ханнан қорғауға және Еділ бойындағы Сарайда Алтын Орда тағын иемденуге арналды.

***Сонымен осы айтылған қисындарды тұжырымдай келе тағы да айтарымыз: Алаша хан кесенесінде әкесі Жошымен қатарласып, әкенің қара шаңырағына ие болған және інісі Батының (Батудың) Алтын Ордасына бағынышты сол қанаттағы кіші орданы билеген, сондықтан да Аласа (Алаша) хан атанған Жошының үлкен ұлы Орда (Ордана) Ежен жатыр.***

**Талас ОМАРБЕКОВ,**
**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Орталық Азиядағы дәстүрлі өркениеттерді зерттеу орталығының директоры, т.ғ.д. профессор**

*«Egemen Qazaqstan» газеті*

# Зинаида Степановна (Зулпа Супьяновна) ЧУМАКОВА



2020 жылғы 8 тамызда 69 жасқа қараған шағында белгілі қоғам қайраткері, Қазақстан халқы Ассам-/блеясының мүшесі, Жезқазған қаласы Қоғамдық келісім кеңесі төрағасының орынбасары, Жезқазған қалалық Аналар кеңесінің төрағасы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Мәскеу қалалық Ресей Жазушылар одағы ұйымының мүшесі, мәдениет қайраткері, ақын, журналист **Зинаида Степановна (Зулпа Супьяновна) ЧУМАКОВА** дүниеден озды.

Зинаида Степановна 1951 жылы 23 тамызда Қостанай облысы Семиозерный ауданы Құсмұрын станциясында дүниеге келген. 1977 жылы Қарағанды Мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. Қарсақбай поселкесіндегі Қ. Сәтбаев атындағы №3 орта мектебінің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы, Жезқазған тау-кен техникумының оқытушысы, Рудник поселкесіндегі «Горняк» мәдениет сарайының көркемдік жетекшісі, Никольский (Сәтбаев) қаласындағы Октябрьдің 50 жылдығы мәдениет сарайының директоры, Жезқазған, Сәтбаев қалаларының мәдениет бөлімдерінің басшысы, Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің директоры, Жезқазған Бизнес және көлік колледжінің қоғаммен байланыс орталығының директоры сынды көптеген жауапты қызметтерді атқара отырып, еліміздің мәдени, рухани саласының өркендеуіне зор үлес қосты.

Өнерге, ғылымға аянбай қызмет еткен Зинаида Степановна онға тарта проза және өлеңдер кітабының авторы. Өлеңдері қазақ, шешен, украин, поляк, чех, белорус тілдеріне аударылған. Жиырма үш әні топтастырылған «Ренессанс моей души» атты жинағы жарық көрген. Зинаида Степановна көп жылдар бойы 20-ғасырдағы қозғалыстарды зерттеумен айналысқан, қазақ жеріне жер аударылған кәріс, неміс, грек, поляк, Солтүстік Кавказ халықтары жайлы ауқымды материалдардың авторы.

Қоғам қайраткері З. С. Чумакованың еңбегін мемлекет, қоғам жоғары бағалады. Оның айғағы – Қазақстан Республикасының «Даңқ» орденінің, Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік» медалінің, Халықаралық әдеби сыйлығының, Константин Симонов атындағы алтын медальдің, Державин атындағы әдеби сыйлықтың және орденнің, Чехов атындағы ескерткіш таңбасының иегері, Магомед Мамакаев атындағы Чечен Республикасының «Алтын қыран» орденінің кавалері.

З. С. Чумакова бар ғұмырын еліне қызмет етуге арнады. Артында мол әдеби мұра қалдырған, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтуға зор үлес қосқан ақын, жазушы, қоғам қайраткері Зинаида Степановнаның ғибратты ғұмыр жолы мен жарқын бейнесі халқының жадында мәңгі сақталады. Орны толмас қаза баршамыздың қабырғамызды қайыстырып отыр.

Жезқазған қаласының әкімдігі Зинаида Степановна Чумакованың туған-туыстары мен жақындарына қайғырып көңіл айтады.

Марқұмның жаны жәннатта болсын.

**Қ. Бегімов, С. Медебаев, А. Мұхамбедин, Қ. Бапанов, З. Ақылбекова, Е. Есетов, С. Қожамсейітов, М. Аханов, Б. Шыңғысов, Б. Алтынбеков, Л. Ранова, С. Нұрлыбаева, А. Байқасынов, Т. Бүкіров, Б. Мырзабеков, Ғ. Ештанаев, К. Ахметов, Б. Әлеуханұлы, Р. Идрисова, Д. Жанботаев, Н. Хамзин, Р. Қапарова, И. Канапина, Д. Мұхан.**

# ЕЛ БІРЛІГІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТТІ

Ақын, публицист, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, Қарағанды облысы Жезқазған қалалық ҚХА жанындағы Аналар кеңесінің төрағасы **Зинаида Степановна ЧУМАКОВАНЫҢ** қазасына байланысты отбасына, туыстары мен жақындарына қайғырып көңіл айтамыз.

Зинаида Степановнаұзақ жыл мемлекеттік қызметте еңбек етіп, көптеген тәлімі мол мәдени іс-шараларға бастамашылық жасады.

Жезқазған қаласында кәсіби дикторлар мен мәдени-көпшілік іс-шара жүргізушілер мектебін ашып, жылдар бойы Жезқазғандағы бизнес және көлік колледжінде еңбек етті.

Зинаида Степановна Қарағанды облысында шешен-ингуштердің «Вайнах» қоғамдық бірлестігін құрушылардың қатарында болып, қызметіне белсене атсалысып келді. Ол – ана тілін, өз ұлтының дәстүрлерін сақтаумен бірге қазақ тілі мен салт-дәстүрлерінің дамуына үлес қосқан, бірқатар шығармаларын қазақ тілінде жазған қаламгер, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі және көптеген халықаралық әдеби сыйлықтардың иесі.

Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтуға қосқан еңбегі жоғары бағаланып, Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік» алтын медалімен, Алғыс хатымен марапатталған.

Қилы заманда қадам басқан топыраққа, паналатқан қазақ халқына әрдайым ризашылығын білдіріп, адал еңбек еткен, өзін қазақ пен шешеннің ортақ қызы санайтын қайраткер жан Зинаида СтепановнаЧумакованың жарқын бейнесі қазақ елінің жүрегінде мәңгі сақталары анық. Марқұмның топырағы торқа, иманы жолдас болсын.

**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,**
**Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары –**
**Хатшылық меңгерушісі**

# Зинаида Степановна (Зулпа Супьяновна) ЧУМАКОВА

## (1951-2020)

Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының хатшылығы белгілі ақын, қоғам қайраткері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Халықаралық Константин Симонов атындағы әдеби сыйлықтың иегері, ҚР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері **Зинаида ЧУМАКОВАНЫ**Ң қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен ағайын-туысының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Зинаида Чумакованың есімі әдебиетсүйер қауымға жақсы таныс. «Земные звезды Жезказгана», «Осеняя рапсодия», «Диалектика души» сынды кітаптары арқылы оқырманның сүйіспеншщілігіне бөленген ақын өлең әлемінде де өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Сыршыл лиризмге толы жалынды жырлары – өскен орта мен туған жерге деген шексіз махаббатының жемісі. Ол ұзақ уақыт Жезқазған өңірінің әдеби, мәдени, рухани саласының өркендеуіне үлес қосып, «Творчество», «Дидар» атты авторлық телевизиялық бағдарламаларын жасады. Он жылдан астам Жезқазған тарихи-археологиялық музейін басқарды. Өзіне жүктелген жауапты қызметтерді абырой биігінде атқарып, айналасына, ел-жұртына сыйлы болды. Қаламдастарына қадірлі болған Зинаида ақынның жарқын бейнесі оқырман жадында, әріптестерінің жүрегінде мәңгі сақталады.

Орны толмас бұл қаза біздің де қабырғамызға батып, жүрегімізді сыздатып отыр.

Марқұмның топырағы торқа, иманы саламат болсын!

**Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы**


# Зинаида Степановна (Зулпа Супьяновна) ЧУМАКОВА

## (1951-2020)


Ақын, қарымды қаламгер, Қазақстан халқы Ассамблеясының белді мүшесі, ҚХА жанындағы Жезқазған қалалық Аналар кеңесінің төрайымы, Жезқазған бизнес және көлік колледжі қоғаммен байланыс орталығының директоры **Зинаида Степановна ЧУМАКОВАНЫҢ** қазасына байланысты марқұмның отбасына, жақындарына және барша оқырмандарына қайғырып көңіл айтамыз.

Зинаида Степановна ұзақ жылдар бойы мемлекеттік қызмет пен ізденіске толы шығармашылық жолды қатар алып жүрген еліміздің мақтан тұтар нәзік жандыларының бірі әрі бірегейі. Жезқазған-Ұлытау аймағының мәдениетіне қосқан өлшеусіз үлесі үнемі елдің жадында жаңғырып тұрады. Қаламызда дикторлар мектебін ашып талантты шәкірттер тәрбиеледі. Ал, Жезқазған тарихи-археологиялық музейінде жасаған жұмыстары өз алдына бөлек әңгіме... Қай іс-шараның басы-қасында жүрсе де бар білгенін, ақыл-кеңесін кейінгі толқынға үйретуден жалықпайтын қасиетін қалай айтпай кетпейік...

Киелі Сарыарқа даласына судай сіңіп, тастай батқан Зулпа ақын – халықтың шынайы құрметіне бөлене білген үлкен жүректі Тұлға! Ұлтаралық достықтың жалауын қашан да жоғары ұстай білген оның еңбегі жоғары бағаланып, ҚХА «Бірлік» алтын медалімен, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Алғыс хаттарымен бірнеше мәрте марапатталды.

Дана халқымызда «Қасында күнде көріп жүргеннен соң, таулардың биіктігі байқалмайды» деген аталы сөз бар! Расымен де, Зинаида Степановнаның биік те жарқын бейнесі ендігі кезекте тек өткен шақпен айтылатыны өкінішті...

Бақұл болыңыз, Арқа даласының ардақты перзенті!

**«Жезқазған бизнес және көлік колледжі» ЖМ ұжымы**

# АҚЫН, ҰСТАЗ, ТӘЛІМГЕР ЕДІ

Өмірден тағы бір аяулы жан өтті.

Бойына Алла дарытқан дарынын, білімін, тәлім-тәжірибесін, іскерлігі мен жан қуатын адамзат баласына пайдасы тиетін зор істерге бағыштай білген, өзіндік ұстанымы бар, биік мақсаттары мен оған жету жолында тер төккен еңбек жолы бар **Зулпа Супьяновна ЧУМАКОВАНЫҢ** қазасы Жезқазған қаласының мәдениет және өнер саласында жүрген әріптестері үшін ауыр тиді.

Оның өмір деректері үлкен мектепті көрген жанның ғұмырнамесін танытқандай. Он сегіз жасында Қарағанды машина құрылысы зауытында токарь болып еңбек жолын бастаған ол мектепте, техникумда ұстаздық жолдан өтті. Оның нағыз қайраткер, білікті де шебер басшы екені Сәтбаев және Жезқазған қалаларының мәдениет бөлімдеріне басшылық жасаған жылдары жарқырап көрінді. Халыққа мәдени-рухани қызмет көрсету қаншалықты жауапты, қаншалықты қиын болса, ол - сол саланың қызығын да, шыжығын да бастан өткерген жан. Қиындығына төзе білді, жақсылығына жан-тәнімен қуанды.

Біз оның жаңаша ойлайтын қабілетін, көпшіліктің сұранысы мен талаптарын таразыға сала білетін сезімталдығын, қолға алуға тиісті жобалардың өзектілігі мен ол жобалардың көптің көңілінен шығатынына сенімділік танытатын батылдығын аса жоғары бағалаймыз. Оның бастамасымен жүзеге асырылған қаншама мәдени-рухани жобалар бар. Олар күні бүгінге шейін құндылығын түсірмей келеді.

Зейнет жасында жүрсе де ол өзі сүйетін мәдениет саласынан қол үзіп кеткен жоқ. Жезқазған тарихи-археологиялық музейін басқарды, кейін Жезқазған бизнес және көлік колледжінің қоғаммен байланыс орталығының директоры, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, «Қоғамдық келісім кеңесі» төрағасының орынбасары, қалалық Аналар кеңесінің төрайымы сияқты салаларда аянбай еңбек етті.

Зулпа Супьяновна – ақын. Оның осы қасиетінің өзегінде оның барлық мінездері, атап айтқанда, өжеттігі, шындық үшін шырылдай білетіндігі, сезімталдығы, жарық дүниенің жақсылығын сүйе білетіндігі, адалдығы анық көрініп тұратын еді.

Оның:

«Мы Мансура-Шейха дети,

в нас Шамиля дух живет», – деген өлең жолдарындағы тау перзентіне, шешен қызына тән асқақтық пен биіктік ұнайтын. «Алтыбақан», «Шашу», «Ақ бата» деген өлеңдерінде ол қазақ қызына айналып кететін. «Түсіме таулар кіреді» дейтін ол бабалар топырағы болған Кавказ бауырын сағынатын еді. Тағдыр толқыны оның әулетін қазақ жеріне лақтырып тастағаны белгілі. Ол өзі өскен осы топырақты өмірінің соңына дейін қастерлей білді, Құшмұрынын да, Қарсақбайын да, Жезқазғанын да, Сәтбаевын да сүйіп өтті.

Жылдар өтер. Жаңа оқиғалар мен жаңалықтар легі де толастамас. Аға буын орнына жастар келер. Ал жұлдыздардай із тастап ағып өткен Зулпа Супьяновнаның жарқын бейнесі мен тағылымды ісі ұмытылмай, біздің жадымызда жүреді.

Топырағыңыз торқа, жатқан жеріңіз жайлы болсын, аяулы әріптес!

**С. Нұрлыбаева, Д. Жанботаев, Ғ. Мұхамедин, Б. Көшенов, Ш. Капкеева, Ғ. Ештанаев, Н. Хамзин, Р. Сексенбаев, Ж. Сейітов, Ғ. Түгелбаева, М. Чантуов, Р. Қапарова, И. Қанафина**

ТАҒЗЫМ

# ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЖАН ЕДІ



Қатардан қалмай, қаланың қоғамдық жұмыстарының белортасынан көрініп жүретін **Әлжаппар ӘБРЕЗҰЛЫ** туралы өткен шақпен естелік жазармын деген үш ұйықтасам ойда жоқ десем болады. Тағдырдың жазуы осылай шығар. Жаны жайсаң ағамыздың арамыздан кеткеніне 40 күн толады екен. «Қандай адам еді» деп қысталаң шақта айтылар бір сауалға «жақсы адам» дегеннен басқа ауызға сөз түспес. «Жақсылар жақсымын деп айта алмайды, жамандар жақсымын деп айқайлайды» деген қазақтың сөзі бар ғой. Сол айтқандайын**, Әлжекең** асылдың көзі, жақсылардың нақ өзі болатын. Әр адамға ізгі ниетпен қарап, жақсылық тілеп отыратын қадірменді қариямыз еді. Жолыққан сайын адамға шынайы адалдық қасиетін танытып, ерекше бір жылылық лебізімен үйіріп тұратын ақжарқын мінезді жан болатын.

Өмір жолына үңілер болсақ, Әлжекең 1947 жылдың 13 маусымында бұрынғы Жезді ауданының «Пионер» колхозында дүниеге келген-тін. Әкесі Әбрез Әлімбайұлы Байқоңырда кенші болған, екінші дүниежүзілік соғысында ауыр жарақат алып оралған майдангер ардагер болды. Анасы Күлшайым Ысқаққызы Байқоңыр кенішінде, кейін ұзақ жылдар «Пионер» колхозында еңбек еткен. Бұған дейін 14 құрсақ көтерсе де нәрестелері бірінен соң бірі шетінеп беріп, Алла тағала көз жастарын иіп аман қалғаны осы Әлжаппар еді. Жалғыз ұлды қалада оқытуды ниет қылып, үй-іші 1956 жылы Жезқазғанға көшіп келеді. Мектепте өте жақсы оқыған Әлжаппар еңбекке ерте араласты. Еңбек жолын 1963 жылы Жезқазған кен-металлургия комбинатына қарасты құю-механикалық зауытында станокшы болудан бастады. Жезқазған құрылыс техникумын «Құрылыс материалдары өндірісінің технологы» мамандығы бойынша бітірді. Әртүрлі жолдардан өтіп, 1973 жылға дейін комбинаттың техникалық қауіпсіздік бөлімінде, ғылыми-зерттеу және жобалау институтында инженер-техникалық қызметтерде болды. Комсомол органында істеді. Жезқазған облысы құрылған 1973 жылы облыстық кәсіподақтар кеңесіне нұсқаушылық қызметке шақырылды. Мәскеу қаласындағы Еңбек Академиясында (ВШПД) оқып, экономист мамандығын алды. Сонымен қатар, Мәскеудегі Тимирязев академиясының, ВСХИЗО-ның, Ленинградтағы басшы кадрлардың білімін жетілдіру курстарында оқып, тиісті сертификаттарына ие болды. Бір жылдай баспасөздегі мемлекеттік құпияларды сақтау жөніндегі облыстық басқарма басшысының орынбасары қызметін атқарғаны да бар. Кәсіподақ саласында біршама жемісті еңбек етіп, 1976 жылдан бастап мемлекеттік мекемелер қызметкерлері кәсіподағы облыстық комитетінің хатшылығына, одан кейін құрылысшылар кәсіподағы облыстық комитетінің хатшысы болып сайланды. Облыстық партия комитеті бюросының ұсынысымен Зейнетақы және жәрдемақы төлеу орталығының басшысы болып та біраз уақыт қызмет атқарды.

Әлжекең жасынан қоғамдық жұмыстарға бейім болған еді. Осы дағды өмірлік ұстанымына айналды десе болады. Соның кейбіріне тоқталар болсақ, 1975 жылы Орталық кәсіподақтар және халықтық бақылау комитетінің бірлескен қаулысына сәйкес республикалық, облыстық кәсіподақ кеңестері осы сала қызметкерлерін халықтық бақылау комитетіне көмек ретінде жіберуге тиіс болды. Таңдау жас коммунист ретінде Әлжаппар Әбрезовке түседі. Бұл партия тапсырмасы ретінде қоғамдық негізде атқарылатын міндет болатын. Осылайша облыстық халықтық бақылау комитетінің арыз-шағымдар бөлімінің штаттан тыс инспекторы, одан басшысы болып халықпен етене араласып жұмыс істеді. Содан әрбір одақтас республиканың облыстарында Мәскеуге ғана бағынатын құқық қорғау инспекциялары құрылған уақытта Жезқазған облысы бойынша инспектор қызметіне тағайындалды. Бұл қызметті Әлжекең Кеңес одағы ыдырағанша атқарды. Зейнетке шыққан шағында да дағдыға айналған қоғамдық істерден қол үзе қойған жоқ. 2005 жылғы Президент сайлауында президенттікке үміткер Нұрсұлтан Назарбаевтың қаладағы алғашқы құрылған қоғамдық қабылдауын басқарды. Мекемелер мен жеке адамдардың арыз-шағымдарын жедел қарап, мәселенің әділ әрі дұрыс шешілуіне өз ықпалын тигізді. Кейін «Nur Otan» партиясының қалалық филиалында қоғамдық қабылдау бөлімі ашылғанда қоғамдық кеңесшілікке шақырылды. Тұрғындардың арыз-шағымдарының уақытылы қаралып, көтерілген мәселелердің оң шешім табуына өз үлесін қоса білді. Осы міндетін өмірінің соңына дейін абыроймен атқарды. Қала әкімінің штаттан тыс кеңесшісі ретінде де түйінді проблемаларға өңір басшысының назарын аударуға күш салатын. Қоғамдық саладағы белсенді еңбегіне орай Әлжаппар Әбрезұлы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Алғыс хатымен, «Жезқазған қаласына 60 жыл» мерекелік медалімен, «Нұр Отан» партиясы Орталық аппаратының Алғыс хатымен марапатталды. Жергілікті, облыстық деңгейдегі Алғыс хаттары мен Құрмет грамоталары да аз емес.

Әлжаппар Әбрезұлын асылдың сынығы, тектінің тұяғы дейтініміз ол Сарыарқа, Сібір және Сыр бойы қазақтарына белгілі би, өз заманының қайраткері Уәйіс Байжанұлының шөбересі еді. Уәйіс Найман руының Бағаналы тармағынан 1831 жылы тұңғыш рет болыс болып сайланған адам. Кенесары хан бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісін белсене қолдаушылардың бірі. Сол үшін патша өкіметі тарапынан қуғынға ұшыраған. Уәйіс басқарған ел атамекендерінен қуылып, казак әскерінің иелігіне өтіп кеткен жер тек 1858 жылы Ұлытау станицасы жабылғаннан кейін барып бағаналыларға қайтарылған. Ел басқара жүріп өз заманында талай дауда топқа түсіп, айрықша беделге ие болған қайраткер туралы Баржақсы ақын «Уәйіс ер қара қылды қақ жарғандай» деп жырласа, Қоңыраулы Қарадос би: «Болыс дегенше, Уәйіс десеңші, толқыны тарпаң ағыс десеңші. Атағы Сырға да, Қырға да мәлім, серпіні жойқын барыс десеңші» депті деген сөз қалған адам. Сұрапыл жорықтарда жүргенде де намазын қаза қылмай, ат жалына сәжде жасаған діндар адам болыпты. Сексен жасында дүниеден өткенде сүйегі Түркістандағы Әзірет-Сұлтан кесенесіне жерленген. Міне, Әлжекең осындай қазақтың тектілерінің ұрпағы ретінде өзі де ел мен жердің тарихына, ата-баба дәстүріне зерек болды. Олардың тарихи мұраларын тыңғылықты жинай білді. Белгілі қаламгер Қуаныш Ахметов «Ұлы даланың Ұлытауы» кітабын жазу барысында Әлжекеңмен жиі пікірлесіп, біраз деректер алғанын айтып отыратын. Кіші жүздің Шекті руынан шыққан ақ сауытты Айдарбек батырдың ұрпағы Сары батыр Уәйіс бабасының нағашысы көрінеді. Осы тарихи тұлғалар жайлы да Әлжекең материалдар жинақтап, газетке біраз дүниелер ұсынғаны бар. Сонымен қатар оларға байланысты іс-шараларға қатысып, тарихи орындарға барып тәу етуден сырт қалмайтын. Уәйіс би мәңгілікке дамылдап жатқан «Әзірет-Сұлтан» тарихи мұражайының 20 жылдығына байланысты 1998 жылы өткен Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға Қарағанды облысы атынан бір өзі барып қатысып келгені де есте.

Ол бала күнінде тарихшы-археолог болуды армандапты. Соның әсері болар, әдебиет, өнер жолындағы жандарға жақын жүрді. Жас кезінде әкесінің еңбек жетістігіне орай сыйлыққа алған патефонмен қазақтың ән-күйлерін көп тыңдайтын. Үйіне дүние емес, күйтабақтар, тарихи-әдеби кітаптарды көп жинады. Қазақ газеттерін құр жібермей оқып отырумен қатар жергілікті «Сарыарқаның» шынайы жанашыры болды. Балаға жақсы қасиет әкенің қанымен, ананың ақ сүтімен дариды емес пе. Әкесі Әбрез жүрекке иман нұрын ұялатып, өмірден өткенше бес уақыт намазын қаза қылмаған жан екен. Осы қазіргі отырған үйлерін алғашқы мешіт ретінде пайдаланып, ниеттес қариялар жиналып жұма намазын осында оқыған. Осындай салиқалы, сауапты істерді көңілге түйіп өскен Әлжаппар аға да адалдықтың ақ жолынан аттамауға пейіл, көкірек көзі ояу, тарихи жады зерек азамат болып қалыптасты. Би болмаса да би түсетін үй болды. Әкенің қарашаңырағының түтінін түзу ұшырды. Ішін шаттыққа, бақытқа толтырып, балаларын да жақсылыққа баулып, өнегелі тәрбие беріп өсірді. Шүкір, қазірде барлығы да өмірден өз орындарын тауып, бір-бір шаңырақ пен отбасының тұтқасы болып отыр. Қызы Алмаш Сәтбаев қаласындағы АХАЖ бөлімінің басшысы. Абзалы кенші болып еңбек етіп, кейінде 65-шахтада кәсіподақ ұйымын басқарды. Астанадағы ұлы Әділхан инженер, көлік қозғалысын ұйымдастырумен айналысады. Өмірханы заңгер, тау-кен инженері мамандығын алған, мұнай өнімдері мекемесінің директоры. Үлкен шаңырақта отырған Расулы да заңгер, бір ЖШС-де басшылықта. «Орнында бар оңалар» демекші, олардың әке өнегесін абыроймен жалғастырары сөзсіз.

Жастай қосылып, 52 жыл бірге бақытты өмір сүрген Тұмаргүл апай Әлжекеңнің жақсы істері мен жарқын мінездерін егіле отырып айтудан жалығар емес. «Әлжекең көпшіл еді, үйге қонақ келгенін жақсы көретін. Кейде әй, бүгін ешкім келмеді ме деп елегізіп отыратын. Жақсы адамдармен сыйлас болды. Енді біліп жатырмыз, бізге әрбір жағдайды аманат етіп тапсырып кеткен екен ғой» дейді. Әлжекең негізінде ешкімді алаламай, барлық адамдарға бірдей қарайтындай көрінетін. Кімге болсын жақсы тілегін айтып, көңілін демеп, тілеулес болып отыратын. Өзімен сыйласқан жандарды үлкен-кішісіне қарамай үйінің төріне шығарып, қонақ етуге пейіл танытып тұратын. Осындай абзал жан енді мәңгілік мекенінде тыныстап жатыр. «Жақсының аты өлмейді» дегендей, Әлжекеңнің өнегесі мен өрелі істері сыйласқан жандардың көңіл төрінде өшпей сақталары анық. Жатқан жерің жайлы, жаның жәннатта болсын, жақсы аға!

**Амандық РАХҰЛЫ**

# АДАМНЫҢ КӨРКІ – ЖАҚСЫ ІСІ



Кеше ғана дүниеден озған **Өмірзақ Едігеұлы САУХИМОВТЫҢ** өмір жолы киноленталарындай көз алдымнан өткізіп отырмын. Бақилық кемесіне мініп мәңгілікке аттанып кетсе де әлі арамызда жүрген сияқты. Рухы ғой. Тілдесеміз. Сырласамыз. Пайымына жүгінеміз.

Мен Алматы жоғары партия мектебінде оқып жүргенде «Горный гигант» колхозында пәтеріміз көрші болды. Араластық. Қазақ ауылшаруашылығы институтының агрономия факультетін қызыл дипломмен бітірген. Академик В. Р. Вильямс атындағы егін шаруашылығы ғылыми зерттеу институтында аспирант екен. Ғылым жұмысының тақырыбы – «Павлодар обылысының шөлейтті алқаптарында мал азығына жүгері дақылын өсірудің технологиясы». Алты ай жазда Сарыарқаның құнарлы өлкелерінің бірі Ертіс өңірінде болады. Күзде күнге күйіп-пісіп, қайыстай болып оралады. Архимед 4-5 жаста, зайыбы Серікболат оқуын жалғастырып жүрді. Өмірзақ азаннан ғылыми-зерттеу институтының лабараториясында отырады, кітапханаларды жағалайды, кешке торлы қапшықшасын кітапқа толтырып оралады.

Бір кездескенде «Мысты өлкеде егін етуге, бақша өсіруге, бақ орнатуға болады деп айтқан. Ғалымдар 30-40 ғасыр бұрын мұнда бір неше мың кеншілер тұрған. Ауа райы жұмсақтау болған шығар, әйтеуір сол қола дәуірінде олар нәсіпті осында тапқан еді» дейтін.

Ғылыми жұмысын мерзімінде тамамдады. Ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаттығына диссертациясын сәтті қорғады. Содан бері туған жеріне жарты ғасырға жуық өмірін тұтастай ғылымға, жоғары білікті кадрлар дайындауға арнады. Қазақстанның белді ғалымдарымен бірге жаңадан ашылған Жезқазған облысында ауыл шаруашылығын жүргізудің системасы, табиғи жемшөп шабындықтарын құнарландыру жөнінде ұсыныстар ғылыми жинақтардың авторларының бірі. Павлодар облысында сынақтан өткен жүгері егіп өсіру технологиясы жаңа обылыстың шаруашылықтарында қолданыла бастады. Оның тынымсыз ізденісінен 60-тан астам оқулық, оқу-әдістемелік құрал, жиырмаға жуық ғылыми мақалалар жарық көрген.

Осы кезеңде Жезқазған облыстық ауыл шаруашылығы тәжірбие станциясында бөлім бастығы, ауыл шаруашылығын химияландыру, жобалау-зерттеу станциясының директоры, Жезқазған облыстық ауыл шаруашылығы тәжірбие станциясының директоры, әрі осыған қоса облыстық агроөнеркәсіп комитетінің төрағасының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары міндеттерін атқарды. 2002 жылдан өмірінің соңына дейін Ө. А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінде доцент, кафедра меңгерушісі болды. Көптің көзіне түсіп, еңбегі бағаланып талай марапаттарға ие болған.

Француз ойшылы Франсуа де Ларошфуко «Мінездегі әсемдік, алдымен досың түгіл, қасыңды да қаралаудан аңғарылады» деген екен. Өмірзақ Едігеұлы – осындай мәрт, қарапайым, ізденпаз, бекзат замандасымыз. «Ұстамы зордың жүрегі зор» деген осы.

Алдың жарық, артың жақсы болсын, асыл бауырымыз Өмірзақ Едігеұлы!

**Сағындық ҚОЖАМСЕЙІТОВ**

# ЖАҢАШЫЛДЫҒЫМЕН ЖАДЫМЫЗДА САҚТАЛАДЫ



Ақын, жазушы, публицист, музейтанушы, мәдениеттанушы, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, Жезқазған қаласы Қоғамдық келісім Кеңесі төрағасының орынбасары, Жезқазған қалалық Аналар кеңесінің төрағасы, Жезқазған Бизнес және көлік колледжінің қоғаммен байланыс орталығының директоры, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қазақстан Жазушылар одағының және Мәскеу қалалық Ресей Жазушылар одағы ұйымының мүшесі **Зинаида Степановна ЧУМАКОВА** 8 тамыз күні 68 жасында өмірден озды.

Қарағанды облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының және Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің ұжымы Зулпа Чумакованың өмірден өткені туралы суық хабарды қайғыра қабыл алды. Қаралы қазаға байланысты Зинаида Степановнаның жұбайы Абуезит Магомедұлы Чумаковқа, марқұмның жақындарына қайғыра отырып көңіл айтамыз.

8 тамыз... Біз үшін бұл күннің таңының қаралы хабармен жүрегімізді тілгілеп, қабырғамызды қайыстырып кеткені жасырын емес, себебі, әрқашан біз үшін үлгі, нағыз парасаттылық иесі – Зинаида Степановна Чумакованың жаны келместің кемесіне мініп, мәңгілік мекеніне аттана барды.

1951 жылы 23 тамызда Қостанай облысы, Семиозерный ауданы, Құсмұрын станциясында дүниеге келген Зинаида Степановна еліміздің мәдениет саласына өлшеусіз үлесін қосты.

Мәдениет саласында 40 жыл еңбек атқарған ол мәдениет сарайының көркемдік жетекшісінен бастап, қалалық мәдениет бөлімінің басшысы қызметтеріне дейін жоғарылады. 10 жыл бойы Жезқазған тарихи-археологиялық музейінде басшы болып, музей саласына қомақты үлесін қосты.

Музейімізде басшылық еткен жылдары музейдің әр қызметкерінің жүрегінің төрінен орын алып, барлығын өз бауырындай көріп, ерекше ілтипатпен адамның жан-дүниесін түсіне отырып, білгенін үйретуден жалықпайтын. Зинаида Степановнаның музейімізде жүзеге асырған жаңашыл жобалары, іс-шаралары әлі жалғасып келеді. Алдына барып, әрбір жанның айтқан мәселесін өзінікіндей қабылдап, сол мәселелер шешімін тапқанша дегбірі қашып, қолұшын созудан жалықпайтын қамқор жанашыр, адамгершілігі зор жан еді.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, музейдегі қызметінен қол үзсе де жүрегі әрқашан бізбен бірге соғатын, музей өткізіп жатқан ауқымды шаралардан ешқашан қапы қалмай, ақыл-кеңесін беріп, қолдау көрсетіп отыратын еді. Қаншама шәкірт тәрбиеледі, жақсылыққа шақырды, жамандықтан қайтарды.

Зинаида Степановнаның өлшеусіз сіңірген еңбегі мен жарқын бейнесі мәңгі есімізде сақталады. Алла тағала өмірден өткен марқұмның артының қайырын беріп, жатқан жері жайлы, топырағы торқа, қабірін нұрға толтырсын.

**Қарағанды облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы және Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің ұжымы**

# БЖЗҚ САЛЫМШЫЛАРЫ

**2020 жылдың алғашқы жарты жылдығында 8,5 миллионнан аса қызметті онлайн форматта алды**

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры эпидемиологиялық жағдайдың күрделенуіне және коронавирустық инфекциямен (COVID-19) сырқаттану жағдайларының көбеюіне байланысты қауіпті вирустың таралуына жол бермеу және қызметкерлер мен халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бірқатар шектеу шараларын енгізген болатын және өңірлік филиалдардың бір бөлігі қашықтықтан және байланыссыз қызмет көрсету режиміне ауыстырылып, жұмыстарын сол тәртіппен жалғастыруда. Десек те, бірқатар шектеулерге қарамастан, БЖЗҚ салымшылары қызметтерді толық көлемде алуда.

Жаңа технологиялардың қарыштап дамуы мен электрондық жүйелердің дұрыс жұмыс істеуінің арқасында қазір «БЖЗҚ» АҚ қызметінің 90% - дан астамы онлайн түрде көрсетілуде. Осылайша, біздің салымшылар қызметтердің толық спектрін өз денсаулығына қауіп төндірмей, үйден шықпай-ақ ала алады. Атап айтқанда, БЖЗҚ-ның ресми сайтында және ұялы қосымшасында орналастырылған Жеке кабинеттің көмегімен салымшы жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу, деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, ЖЗШ бар екендігі туралы анықтама алу, мерзімсіз уақытқа 1 немесе 2 топтағы мүгедектік белгіленуіне байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру, төлем жасау, көшу және көптеген басқа да мәселелер бойынша берілген өтініштің мәртебесін қадағалау сияқты қызметтерге қол жеткізе алады.

2020 жылдың 1 шілдесіне БЖЗҚ салымшыларына 9,4 миллионға жуық қызмет көрсетілді. Бұл өткен жылғы көрсеткіштен 2,7% - ға жоғары. Барлық қызметтердің 91,4% немесе 8 566 698 операция электрондық форматта жүргізілді. Өткен жылмен салыстырғанда онлайн формат танымалдығы 16,4% - ға өсті.

Кейбір өңірлерде алдын ала жазылу бойынша күндізгі қызмет көрсету (филиалдың барлық қызметкерлерінің 50% -дан аспайтын құрамын жұмыспен қамтумен) режимі сақталғанына, ал қалған облыстардағы БЖЗҚ бөлімшелері бірқатар шектеу шараларын қалдырғанына қарамастан, кейбір салымшыларға бұрынғысынша Қор кеңселерінде қызмет көрсетіледі. Бірінші жартыжылдықта біздің филиалдарда 730 911 қызмет ұсынылған екен.

Естеріңізге сала кетейік, Қордың кезекші қызметкерлері алдын ала жазылу бойынша қатаң санитарлық-эпидемиологиялық шаралар мен әлеуметтік қашықтық қағидаттарын сақтай отырып, электронды форматта алуға болмайтын қызметтер бойынша құжаттарды байланыссыз қабылдауды одан әрі жалғастыруда. Онлайн режимде алуға болмайтын қызметтерге мыналар жатады:

– салымшының/алушының қайтыс болуына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініштерді ресімдеу (жерлеу);

– салымшының/алушының қайтыс болуына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініштерді ресімдеу (мұра);

– Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кетуіне байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініштерді ресімдеу (ерекше жағдайларда Қор қызметін тұтынушының талабы бойынша);

– зейнетақы жинақтарын «БЖЗҚ» АҚ-дан сақтандыру ұйымдарына ауыстыру туралы өтініштерді ресімдеу;

– міндетті кәсіптік зейнетақы жарнасын есепке алу бойынша жеке зейнетақы шотын ашу туралы өтінішті, оның ішінде міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қосылу туралы өтініштерді ресімдеу.

Қызметтердің басқа түрлерін БЖЗҚ-ның корпоративтік сайтындағы, не ұялы қосымшасындағы Жеке кабинет арқылы алуға кеңес береміз.

БЖЗҚ-да барып қызмет көрсететін бөлімдер де бар. Қазіргі уақытта ол қатаң санитарлық-эпидемиологиялық шараларды сақтай отырып, штат санының 50% аспайтын бөлігін тарта отырып жұмыс істейді. Бұл ретте алдын ала кеңес беру (оның ішінде қызметті көзбе-көз алу мүмкіндігін тексеру) жүзеге асырылады. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша жеке зейнетақы шоттарын ашу туралы өтініштерді (оның ішінде міндетті кәсіптік зейнетақы жарнасы есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қосылу туралы өтініштерді) ресімдеу және халықтың әлеуметтік әлсіз топтары санатына жататын салымшыларға (алушыларға) (1-2 топ мүгедектеріне) қызмет көрсету үшін барып қызмет көрсетуге қажеттілік туындаған жағдайда олар барып қызмет көрсетуді барлық санитарлық-эпидемиологиялық шараларды сақтай отырып, жүзеге асырады. Барып қызмет көрсету барысында 2020 жылдың 6 айы ішінде 74341 операция орындалды.

БЖЗҚ міндеттерінің бірі – сапалы кеңес беру қызметтерін көрсету және Қордың салымшылары мен алушыларына бағытталған ақпараттық арналарды дамыту. Осылайша, ағымдағы жылдың алты айында өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда кері байланыс арналары бойынша салымшылар жасаған өтініштер саны іс жүзінде 2,5 есеге артты, 2020 жылы 666 905 өтініш қаралған болса, 2019 жылдың осындай кезеңінде 298 554 өтініш қабылданған.

БЖЗҚ салымшылары мен алушылары 1418 нөмірі бойынша (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін) call-орталықтан кеңес ала алады, сонымен қатар **www.enpf.kz** корпоративтік сайтында, **+7 777 000 14** 18 нөмірі бойынша Whatsapp және Viber чат-боттары арқылы, Instagram, Facebook, ВКонтакте, Twitter Telegram, Одноклассники әлеуметтік желілеріндегі БЖЗҚ-ның ресми парақшаларында кеңес алуға болады.

**«БЖЗҚ» АҚ-ның баспасөз орталығы**

# КҮРЕС ТОҚТАМАЙДЫ

***Қазақстан Республикасында АИТВ-жұқпасын жұқтырғандар саны үдемелі қарқынмен өсуде. 2020 жылдың 6 айында бұл вирусқа шалдыққандардың саны былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 1,05 пайызға өсіп, 36 мыңнан асты. Індет 20-39 жас аралығындағы азаматтар арасында белең алуда.***

Адам иммун тапшылығы вирусы ағзаны түрлі аурулардан қорғайтын қорғаныштық жүйені зақымдайды. АИТВ жұқтырғандар бірнеше жыл бойы өзін сау адамдай сезініп, өмір сүре береді және өздері білместен басқа адамдарға жұқтыруы мүмкін. ЖИТС – АИТВ жұқпасының соңғы кезеңі. Бұл дерт үш жолмен ғана жұғатынын көпшілік білгенмен, көп жағдайда қаперге ала бермейді. Сондықтан, оның жұғу жолдарын тағы бір мәрте жаза кету артықтық етпейді. **Бірінші кезекте** вирус қан арқылы донордың қанын құйғанда немесе ағза мүшелері трансплантациялағанда, қан тамырына есірткілерді енгізген кезде ортақ ине мен шприцтерді қолданғанда, медициналық манипуляциялар кезінде дұрыс залалсыздандырылмаған құралдарды пайдаланғанда; татуировка мен пирсинг (құлақ тесу) жасаған кезде ортақ құралдарды бірігіп пайдаланғанда, бөтен адамдардың тіс щеткасы мен ұстарасын қолданғанда. **Екінші** жыныстық жолмен: кездейсоқ, бейберекет және қорғанысшсыз (мүшеқапсыз) жыныстық қатынас кезінде. **Үшінші** АИТВ жұқтырған анадан баласына жүктілік кезеңде, босану үстінде және ана сүтімен қоректендірген кезде жұғуы мүмкін.

Бүгінде АИТВ-ға қарсы ем ойлап табылмаған, тек антиретровирустық препараттарды пайдалану арқылы, дәрігерлердің нұсқамаларын бұлжытпай орындау арқылы ғана оған шалдыққан адамның өмірін ұзартуға болады. Инфекцияның алғашқы белгілеріне жүдеу, әлсіреу, лимфа бездерінің ұлғаю, бір немесе екі аптаға созылған диарея, қызудың көтерілуі және тағы басқаларды жатқызуға болады, сондай-ақ бұл жұқпа басқа жұқпалы ауруларға ұқсас белгілермен өрбитіндіктен оны бірден анықтау кейде мүмкін болмайды. Вирус адамның иммундық жүйесін бұзатындықтан, ол көптеген аурулардың пайда болуына, бойда бар сырқаттардын өршу жағдайына алып келеді.

АИТВ жұқпасын жұқтырған адамдарды қоғамнан оқшаулауға болмайды, олармен бір ортада өмір сүруден қорқудың қажеті жоқ. Онымен қоса бұл індетке қандай да бір себептермен тап болған кез-келген азаматтың құқығы Қазақстан Республикасының заңнамаларымен қорғалған. АИТВ-жұқпасымен өмір сүретін адамдар тұрғылықты жері бойынша ЖИТС-орталығының базасында тіркелген. Олар өз індеттері туралы және инфекцияны өзге адамдарға қасақана жұқтырғандары үшін қарастырылған жауапкершіліктер туралы жақсы біледі.

АИТВ жұқпасын жұқтырып алмаудан сақтанудың жолы қарапайым. Адамға бар болғаны салауатты өмір салтын ұстану, жауапты, қауіпсіз жыныстық мінез-құлықты қалыптастыру, жыныстық серіктеспен өзара адалдықты сақтау, есірткіні тұтынудан бас тарту, косметикалық шаралар үшін зарарсыздандырылған құралды қолдану және жеке тазалық құралдарын қолдану қажет.

**Гүлжан ТУРЛИНА,**
**«Қарағанды облыстық ЖИТС-тың алдын алу және күресу жөніндегі орталығы Жезқазған бөлімінің эпидемиолог дәрігері**

РЕЙД

# КАРАНТИНГЕ АТҮСТІ ҚАРАҒАНДАР

**айыппұл арқалады**

***Карантин режимі қайта күшейтілген соң 2020 жылдың 3 шілдесінде Жезқазған қаласы бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің №38 қаулысы жарияланды. Осы қаулыда кәсіпкерлік нысандарға қойылатын арнайы талаптар көрсетілген.***

Бизнес өкілдерінің карантин режимінің шектеулерін орындау деңгейін қадағалап, тексеру үшін сала мамандарынан құрылған мобильді топ кезекті рейдке шықты. Рейд кезінде 298 кәсіпкерлік нысан тексеріліп, 44 нысанда бұзушылықтар анықталды, 35 нысанға айыппұл салынды. Атап айтатын болсақ, 22 азық-түлік сауда орны, 7 қоғамдық тамақтану нысаны, екі қонақ үй мен екі көлік жуу орталығы, бір дәріхана, сондай-ақ, бұқаралық іс-шара өткізген жеке тұлға жауапқа тартылды. Олар төлеуі тиіс айыппұлдың жалпы көлемі – 8 570 130 теңге. Карантин режимін бұзған өзге 9 жеке кәсіпкердің ісі әлі орындалу үстінде.

Рейдтік тексеріс кезінде жеке кәсіпкерлік иелері көбінесе төмендегідей талаптарды бұзуға жол бергені анықталды. Қызметкерлердің дене қызуын өлшейтін журнал жүргізілмеген, тұтынушылар арасындағы кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтық сақталмайды, ғимаратқа кіреберісте қолды өңдеуге арналған антисептиктер дұрыс орнатылмаған. Сонымен қатар, дезинфекциялық құралдардың атауын білмейтін, дезинфекциялық құралдарды қолдануға арналған нұсқаулық орнатпаған кәсіпкерлер дезинфекциялық құралдарды есепке алмайтыны тағы бар. Ол өз кезегінде жүргізілген дезинфекцияның тиімділігін төмендетеді. Көкөністер мен жемістерді қоспағанда азық-түлік өнімдерін орамасыз сату, жеке қорғау құралдарының тиісті қоры бола тұра, әр 2-3 сағат сайын бетперде, қолғапты уақытылы ауыстырмау, қызметкерлер мен тұтынушыларға арналған қол жуатын бөлмеде қолды өңдеуге арналған антисептик жоқтығы, автокөлік жуу бекеті, шиномонтаж бен техникалық қызмет көрсету тұрақтарынан жұмыс істеу уақытының сақталмауы сынды бұзушылықтар да жиі кездеседі.

COVID-19 коронавирустық инфекциясы таралуын алдын алу мақсатында жоғарыда көрсетілген талаптарды шағын және орта бизнес өкілдері мен жеке кәсіпкерлік те



қатаң орындалуы қажет. Сонда ғана адам өмірін жалмаған қатерлі дерттің тамырына балта шабылмақ. Мобильді топтың жұмысы әлі де жалғасып, карантин талаптарын орындамаған заңды тұлғалар жауапқа тартылатын болады.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

ЭКОСОФИЯ

## Үкінің киесі



Нұх заманында топан су тартылған соң, таулардың төбесі көрінеді. Асқар таулар:

– Нұх маған тоқтайды. Адамзат ұрпағы менен қайта таралады, – деп таласады. Қазығұрт тауы ғана сынықтық танытып:

– Бұл дәрежеге лайық емеспін. Нұхтың кемесі биік тауға тоқтар, – дейді. Құдайға Қазығұрттың кішіпейіл мінезі ұнап:

– Нұх, кемені Қазығұртқа қондыр! Тіршілік сол жерден басталсын! – деп әмір етеді. Нұх:

– Қазығұрт тауы қайда? – деп сұрайды.

Тәңірі содан үкі деген құс жаратып:

– Мына құсты қасыңа ал! Оның көзі өткір, түнде көреді. Қазығұртқа баратын жолды сол біледі – дейді. Үкі Қазығұртқа жеткенше, кеменің алдында жол көрсетіп, ұшып отырады. Нұх Жида тауын, сосын Арарат тауын айналып өтеді. Кеменің желкені көрінгенде таулар балбырап, балқып кетіпті. Сондықтан да, олардың жақпарында кемеге ұқсас жартастар түзіліпті.

Нұх Қазығұртқа аман-есен тоқтайды. Кеме тоқтаған бетте пайғамбар кіші ұлы Жаппасқа «Осы жерден қазық ұр!» деп бұйырады. Сосын үкіге риза болып:

– Орман-тоғайдың иесі бол! Шаңырағымның киесі бол! – деп бата береді. Содан үкіге айрықша кие дарыған. Адамдар оны «тіл-көз тимесін» деп, баланың бесігіне, қыздың бөркіне тағатын болыпты.

Асқар таулар қанша жалынса да, үкі тоқтамай айналып өтеді. Сонда таулар үкіні қарғап: «Көзің көр болып, көрмей қалсын!» депті. Содан бастап үкінің көзі күндіз көрмейтіндей соқыр болыпты.



## Түлкінің қасиеті

Мұхамбет пайғамбар Хира үңгіріне жиі келіп, құлшылық етіпті. Онда отырып құранды қирағаттап оқығанды ұнатыпты. Пайғамбар құран оқып отырғанда, табиғат құлаққа ұрғандай тып-тыныш бола қалады екен. Ол заманда нұр тауын бір түлкі мекен етіпті. Ол пайғамбардың дидарына ғашық еді. Құранның қирағатын естігенде, үңгірдің аузына келіп жатып алатын.

Мұхамбет пайғамбар да түлкінің бұл сырын білетін еді. Үнемі тауға келгенде, түлкіге арнап тамақ әкелетін. Мүбәрак алақанымен оның басынан сипайтын. Түлкі де құйрығын бұлғаңдатып, оған еркелеп, бауыр басыпты. Сөйтіп түлкіге пайғамбардың шарапаты жұғады.

Мүбәрак дүние салғанда, түлкі қатты қайғырып, адамша жылаған деседі. Пайғамбардың бейітіне келіп, оны сағынып, мөлейіп жататынды шығарды. Не ас жемейді, не су ішпейді. Ақыры іш-құса болып сол жерде жан тапсырады. Бұл көріністі көргенде, «Егемен Қазақстан» газеті Мәдинада жыламаған адам қалмапты. Сахабалар түлкіні арулап жерлеген екен.

Содан бастап ел аузында «түлкіні нақақ өлтірме» деген тыйым шығыпты. Бір қызығы, түлкілер әліге дейін Құранның не азанның дауысын естісе, селт етпей тыңдайды екен.

## Суыр неге бетін басып жылайды?



Баяғыда бір дүниеқоңыз бай жерге тоймай, кедейдің жерін алғысы келеді. Ол кедейге:

–Түнде түс көрдім, түсімде ғажап іс көрдім. Құдай маған осы жерді сыйлады, – дейді. Кедей шыр-пыр болып:

– Бұл жер – ата-бабамнан қалған мирас. Әділ Құдай қалайша саған береді? – дейді. Бай:

– Сенбесең, ертең жеріңе барып, Тәңірден айқайлап сұраймын. Жаратқан байдікі деп айтса, маған бересің. Егер сенікі десе, өзің аласың, – дейді. Кедей амалсыз көнеді.

Түнде бай кедейдің жеріне үңгір қазып, ішіне қызын жасырады да:

– Ертең «Бұл жер кімдікі?» деп үш рет айқайлаймын. Сен «Байдікі» деп жауап бер! – деп үйретеді.

Бай ертесіне жұртты жиып кедейдің жеріне келеді.

– О, Тәңірім, бұл жер кімдікі? – деп үш рет сұрайды. Қызы:

– Байдікі, байдікі, байдікі, – деп үш рет айғайлайды. Кедей бұған нала болып, жерін тастап кетіп қалады. Бай кешке үңгірдегі қызын шығарып алайын деп келсе, ол беймәлім хайуанға айналып кетіпті. Үңгірден шықпай, ін қазып, қаша жөнеледі. Бай қайғыдан қан жұтады. Үйіне оралмастан , дала кезіп, қызын іздейді. Әлгі мақұлықты көрсе, «суыр, суыр, суыр» деп айқайлайды екен. Мұнысы «Қызымды суырып шығарып бер» деген сөзі екен. Мақұлық содан бері «суыр» атаныпты. Аңшылар суырды ұстағанда, ол екі қолымен бетін басып, қиянатына өкініп жылайды екен. Қолын маңдайына қойып, жол қарайтыны әкесін іздейді екен. «Кез келген жамандықтың бір кесапаты бар» деген сөз осыдан қалыпты.

**«Экософия» кітабынан**





